

Жоғарғы сыныптарға арналған

«Қоршаған орта экологиясы»

оқу-әдістемелік құралы

Ақтау 2016

УДК 373.167.1:502.1 (075.3)
ББК 20.1я72

Қоршаған орта экологиясы: Орта мектептің жоғары сыныптарына арналған оқу-әдістемелік құрал /. Ақтау: 2016.

ISBN 978-601-239-449-7

Орта мектептің жоғары сыныптарына арналған «Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралы Маңғыстау облысының 2010-2015 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы үздіксіз білім беру бағдарламасы негізінде дайындалған.

Оқу құралы оқушылардың экологиялық білімдерін, саналарын, дағдыларын қалыптастыруға АӨТ (ақыл ой әрекетінің тәсілдері) платформасы арқылы тиімді педагогикалық тәсілдерді таңдауға және сабақ алгоритмін құрастыруға, сонымен қатар сабаққа әзірлемелерді жоспарлауға, дайындауға және оны жүргізуге негізделген.

Инновациялық педагогикалық технология көмегімен білім негізін тұрақты меңгеру үшін білім берудің қазіргі үдерісінде жаңа техникалық көрнекі құралдар және ақпараттық ресурстардың қол жетімділігі басты рөл атқарады, бұл сапалы білімге қол жеткізуге және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Оқу-әдістемелік құрал орта мектептің жоғарғы сынып мұғалімдеріне, колледж мұғалімдеріне және инновациялық педагогикалық технология мен экологиялық сананы қалыптастыру үшін пайдалы болып табылады.

Орта мектептің жоғары сыныптарына арналған «Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралын «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу Басқармасы» ММ тапсырысы және қолдауы бойынша «Тұрақты дамуға көмектесу» Орталығы Қоғамдық қоры әзірлеген.

УДК 373.167.1:502.1 (075.3)

ISBN 978-601-239-449-7

© «Тұрақты дамуға көмектесу Орталығы» ҚК, 2016

**Орта мектептің жоғарғы сыныптарына арналған
«Қоршаған орта экологиясы»
оқу-әдістемелік құралының бағдарламасы**

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Тақырыптар атауы	Апталар
1	Тұрақты дамудың үш қадамы	1
2	Халықтың өсуі	2
3	Байлық және кедейшілік	3-4
4	Су планетаның баға жетпес байлығы	5-6
5	Дені сау ұрпақ- мемлекет кепілі	7
6	Қорытынды сабақ	8
7	Урбандалу бүкіләлемдік үрдіс ретінде	9
8	Энергияны үнемдей отырып, табиғатты болашаққа сақтаймыз	10-11
9	Климаттың өзгеруі және әлемдік жылыну	12
10	Қорытынды сабақ	13
11	Ауасыз өмір жоқ	14
12	Каспий теңізін қорғау	15
13	Өндіру және тұтыну қалдықтары	16-17
14	Биоалуандылық	18
15	Менің экологиялық ізім	19-20
16	Адамзаттық ресурс немесе жұмыс күші	21
17	Бала еңбегі –жұмысшы күші ретінде	22
18	Білім	23
19	Демократия	24
20	Қорытынды сабақ	25
21	Тұрақты даму жөніндегі бүкіләлемдік бастамалар	26
22	Орталық Азияның тұрақты дамуы	27
23	Маңғыстау облысының тұрақты дамуы	28-29
24	Қорытынды сабақ	30

КУРС МАЗМҰНЫ

1. Қазіргі әлемнің мәселелері.

Қазіргі әлемнің экологиялық және әлеуметтік мәселелері. Жер шары халқы. Демографиялық талдау: Жер бетіндегі халықтың ұлттық құра-

мы, игілігі, әлеуметтік аспектілер, білім беру, денсаулық, мүмкін қауіп қатерлер.

Практикалық жұмыс: Тұрақты даму аспектілерін зерттеу. «Егер де біздің планетамыз 100 адамнан тұратын ауыл болса...» кейсі бойынша пікірлер жасау.

2. Тұрақты дамудың үш қадамы.

Тұрақты даму дегеніміз не? Тұрақты дамудың үш қадамы: экономикалық өсу, экологиялық баланс, әлеуметтік үдеріс.

Практикалық жұмыс: Тұрақты дамудың принциптерін ескере отырып, мәселені шешу матрицасын қарастыру. Дәстүрлі дамумен салыстырғанда тұрақты дамуға өту әдістерінің артықшылықтары.

3. Халықтың өсуі.

«Халық» түсінігінің анықтамасы. Жер шары халқы. Жер шары халқының өсу жылдамдығы. Халықтың өсуімен байланысты мәселелер. Маңғыстау облысының халқы.

Практикалық жұмыс: Әр мемлекеттің халық саны туралы салыстырмалы диаграмманы құру. Халықтың өсуі туралы пікірлерді жинақтап, талқылау. «Маңғыстау облысының халқы» диаграммасын жасау. Маңғыстау облысындағы туылғандар санын есептеу.

4. Байлық және кедейшілік.

Өмір сапасы. Кедейшілік. Халық санының өсуіне байланысты аштық санының артуы. Әр мемлекеттегі халықтың өмір сүру деңгейі.

Практикалық жұмыс: Берілген тақырып бойынша мәселелерді шешу және талқылау. «Кедей елдердегі аштық салдарынан өліп жатқан балаларға қалай көмек көрсетуге болады» тақырыбында эссе жазу.

5. Су біздің планетаның баға жетпес байлығы

Су – өмір сүрудің негізгі ресурсы. Әлем бойынша судың мөлшері. Су тапшылық мәселелері. ҚР сумен қамтамасыз ету. Қазақстанда жан басына шаққандағы су шығындары.

Практикалық жұмыс: «ҚР су тапшылығының негізгі себептері» диаграммасымен жұмыс. Траншекаралық су туралы мәліметтерді тауып, диаграмманы толықтыру. Нәліктен Қазақстан су ресурстары бойынша Қытайға тәуелді екенін анықтау. Қазақстанды сумен қамтамасыз ету бойынша кестені түсіндіру.

6. Дені сау ұрпақ – мемлекет кепілі.

Денсаулық пен игілік. Темекі тартудың адам денсаулығы мен өміріне әсері. Қоршаған орта жағдайының адам денсаулығына әсері. Денсаулық факторы – салауатты өмірдің негізгі тірегі.

Практикалық жұмыс: Адамның жеке өмірінің бағыттары қаншалықты қоршаған орта сапасына тәуелді болатынын талдау. Әлемде қан-

ша адам темекінің салдарынан болатын ісік ауруынан қайтыс болатынын есептеу. Маңғыстау облысындағы халықтың ауру деңгейін есептеу. Өмір негізі диаграммасын талдау. Ұзақ өмір сүру туралы ақпараттар жинап, хабарламалар жазу.

7. Қорытынды сабақ.

«Жан баспайтын арал – тұрақты даму образы» іскерлік ойыны.

8. Урбандалу бүкіләлемдік үрдіс ретінде.

Урбандалу түсінігі. Урбандалу көрсеткіштері. Урбандалудың табиғатқа әсері. Маңғыстау облысының урбандалу деңгейі.

Практикалық жұмыс: «Қала» сөзіне анықтама беру. Урбандалуға байланысты бірнеше сұрақтарға жауап беру. Әртүрлі кезеңдегі жер шарының халқы туралы диаграммаға сипаттама беру. Маңғыстау облысы бойынша ауыл және қала халқының саны туралы диаграмманы талдау.

9. Энергияны үнемдеп, табиғатты болашаққа сақтаймыз.

Энергия дегеніміз не? Энергияны пайдалану. Энергияны өндіру және қоршаған ортаға ықпал ету. Энергия үнемдеу дегеніміз не? Энергияны үнемдеу туралы кеңестер. Энергияның баламалы көздері.

Практикалық жұмыс: Адам өміріндегі энергияны қолдану туралы мысалдар келтіру. Энергия өндіру барысында туындайтын теріс әсерлерді төмендету туралы шешімдерді іздеу. Энергияны үнемдеу туралы кеңестерді үйрену. Энергияның баламалы көздерін пайдалануды талқылау.

10. Климаттың өзгерісі және әлемдік жылыну

Жылулық әсер дегеніміз не? Ғаламдық жылынудың мұхиттағы су деңгейі мен мұздықтарға әсері. Климаттың, халықтың, экономика мен қоршаған ортаның өзгеруі.

Практикалық жұмыс: Климаттың өзгеруі туралы жеке пікірлер беру. Климаттың өзгеру себептерін анықтау. «Жылулық әсер» сызбасын талдау. Жылу беретін кезең басталғандағы бөлінген CO_2 санын анықтау.

11. Қорытынды сабақ.

Қоғамның дамуының екі мүмкін сценарийі бойынша аргументтерді талдап, сыныпта талқылау. «Біздің қаланың болашағы» жобасын әзірлеу.

12. Ауасыз өмір жоқ...

Атмосфералық ауа дегеніміз не? Ауаны пайдалану. Ауаны ластаушы көздер және оның табиғат пен адамға ықпалы. Атмосфераға бөлінетін зиянды заттарды қысқарту тәсілдері.

Практикалық жұмыс: қосымша материалдарды пайдалана отырып, ауаны ластаушы негізгі көздерді анықтап, олардың адам мен табиғатқа әсерін анықтау. Атмосфераға автокөлік түтіктерінен қаншама

ілеспе газ шығарылатынын есептеу. Атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды заттардың көлемін төмендету бойынша мәселелерді шешу көздері.

13. Каспий теңізін қорғау.

Каспий теңізінің негізгі байлығы. Биоалуандылықтың бұзылуы және оның салдары. Каспий аймағының қоршаған ортасын қорғау бағдарламасы. Каспий теңізінің мәселелері.

Практикалық жұмыс: Каспий итбалықтарының санын қалпына келтіру мәселелерін қарастыру. Каспий аймағының қоршаған ортасын қорғау бағдарламасын талдау. Каспий теңізінің бұрынғы және жаңадан пайда болған мәселелерін шешудің нұсқаларын таңдау. Майлы дақтың көлемін анықтау.

14. Өндіру және тұтыну қалдықтары.

Қалдықтардың түзілуі. Қалдықтардың өмірлік циклі. Қалдықтарды таңбалау. Қалдықтарды жинау және жою. Компостау және биогаз түсініктері.

Практикалық жұмыс: Суретке сүйене отырып, қалдықтардың өмірлік циклін сипаттау. Қалдықтарды экологиялық таңбалау. Қағаз қалдығын жинау және оны екінші реттік қағаз өндіру саласында пайдалану арқылы қанша ресурсты үнемдеуге болатынын есептеу. «Мектеп жанындағы компост» тақырыбындағы жобаны әзірлеу.

15. Биоалуандылық.

Биоалуандылық – адамдар үшін өмірлік маңызды ресурс көзі. Биоалуандылыққа адам іс-әрекеттерінің ықпалы. Каспий теңізінің биоалуандылығының бұзылуы.

Практикалық жұмыс: «Неліктен адам іс-әрекеттері биоалуандылықтың төмендеуіне ықпал етеді» тақырыбындағы пікірталас. Биоалуандылықты сақтау туралы мәселелер шешімін анықтау. Маңғыстау облысы картасымен жұмыс.

16. Менің экологиялық іздерім?

«Экологиялық із» дегеніміз не? Адамның қандай іс-әрекеті өзінің экологиялық ізін қалдыру мүмкін? Ғаламдық гектар деген не? Қоршаған ортаға экологиялық іздерді көп қалдыратындар?

Практикалық жұмыс. Әлем елдеріндегі халық санын және осы елдердің ресурстарды тұтыну сызбаларын құру. Өзіңнің экологиялық іздерінді санау. Жеке экологиялық ізінді төмендету бойынша шешімдер шығару.

17. Адамзаттық ресурс немесе жұмыс күші

Табиғи және адамдық ресурстар. Жұмыс уақыты. Маңғыстау облысының жұмысбастылық деңгейі және жұмыссыздар саны.

Практикалық жұмыс: Маңғыстау облысы халқының жұмыссыздар бөлігін және жұмысбастылық деңгейін анықтау. «Кедей» елдердегі жұмыссыздық мәселелері және «бай» елдердегі жұмыс күшінің жетіспеушілігі туралы мәселелердің шешімдерін іздеу.

18. Бала еңбегі –жұмысшы күші ретінде

Бала еңбегі дегеніміз не? Бала еңбегі жайындағы статистикалық мәліметтер. Балаларды еңбек күші ретінде пайдаланудан қалай қорғауға болады?

Практикалық жұмыс: Неліктен әлемнің көп елдерінде балаларды еңбек күші ретінде пайдаланады? «Өрмекші» ойын жаттығуы. «Фархат тарихы» жағдайын сипаттау.

19. Білім

Білім – үрдіс немесе өнім ретінде анықтау? Әлемдегі және Қазақстандағы білім деңгейі.

Практикалық жұмыс: «Білім не үшін керек» деген тақырыпта пікірталас. Нарық жағдайында бәсекеге қабілетті елдердің білім деңгейіне баға беру. Біздің республикадағы білім жағдайын сипаттау.

20. Демократия

Демократия дегеніміз не? Демократия принциптері мен құндылықтары.

Практикалық жұмыс: Қажетті аспектілерді таңдау жолымен демократияны анықтау.

21. Қорытынды сабақ

Демография, демократия терминдерінің анықтамаларын жаттау. Демографиялық саясаттың екі типін талқылау. Ауаның ластану мәселелерін талқылау. Темекінің оң және теріс жақтарын қарастыру. Маңғыстау облысы бойынша жан басына шаққандағы қалдық санын анықтау. Егер де, әлем халқы экологиялық іздерін қалдырған жағдайда біздің планетаның болашақ жағдайы қандай болатынын болжамдау.

22. Тұрақты даму жөніндегі халықаралық бастамалар

1992 жылы БҰҰ Рио-де-Жанейрода қабылданған «XXI ғасыр күн тәртібі». «2007-2024 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының «Тұрақты даму тұжырымдамасының» әзірленуі». «Тұрақты даму» түсінігінің қалыптасу тарихы.

Практикалық жұмыс: «XXI ғасыр күн тәртібі» құжатының негізгі міндеттерін анықтау. Қазақстандағы тұрақты дамудың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерін айқындау.

23. Орталық Азияның тұрақты дамуы

Ғаламдық экологиялық мәселелер. Тұрақты даму жөніндегі Орталық Азия елдерінің құжаттары. Жаңа мың жылдықтағы Қазақстанның су ресурстары. Экологиялық сана– бұл тұрақты даму міндеті.

Практикалық жұмыс: Тұрақты даму жөніндегі Қазақстанда қабылданған құжаттарды Интернеттен іздеу. Орталық Азия елдеріне тұрақты даму принциптерін ендіру үрдісін талқылау.

24. Маңғыстау облысының тұрақты дамуы

Облыстың тұрақты дамуы дегеніміз не? 2020 жылға арналған Маңғыстау облысының даму жоспары. Энергетиканың даму бағыттары.

Практикалық жұмыс: Маңғыстау облысының даму мүмкіндіктерін сипаттау. Маңғыстау облысы туралы тарихи анықтаманы толтыру. Маңғыстау облысының тұрақты дамуы бойынша экологиялық, экономикалық, әлеуметтік аспектілерін сипаттау.

25. Қорытынды сабақ

Планета халқының өсу жылдамдығын талдау. Тестілеумен жұмыс. Қазақстандағы кәсіби ауруларды талқылау. Оксфорд биологы Ричард Доукинстің мақаласына пікірталас жүргізу.

1. ҚАЗІРГІ ӘЛЕМНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: адамзаттың және тұрақты дамудың жаһандық экологиялық мәселелері, қазіргі әлемдегі талаптар, қоршаған ортаға ұқыпты қатынас жасауға тәрбиелеу туралы білімдер жүйесін меңгерту

Көрнекі құралдар – проектор, қалқан (интеративтік тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалім оқу құралының 3-бетіндегі материал бойынша адамзаттың экологиялық мәселелері, тұрақты даму, қазіргі әлемнің талаптары туралы баяндайды (слайд 2).

Қосымша материал

Қазіргі уақытта, әлемде экологиялық ахуал сын жақын ретінде сипаттауға болады. Ғаламдық экологиялық проблемалар мынадай болып табылады:

- *мыңдаған өсімдіктер мен жануарлар жойылып барады;*
- *белгілі бір көлемде орман алқаптарының жойылуы;*
- *қолда бар минералдық ресурстар күрт қысқаруы;*
- *әлемдік мұхиттың таусылуы олардың тікелей тірі организмдердің жойылуына әсер етуді, сонымен қатар табиғи процестердің реттеу жүйесін тоқтатуы;*
- *көптеген жерлерде атмосфера рұқсат етілген мөлшерінен барынша ластанған және таза ауа аз мөлшерде кездесуі;*
- *ультра күлгін сәуленің енуіне мүмкіндік туғызбайтын қабат, озон қабатының біртіндеп бұзылуы,;*
- *табиғи ландшафтардың бетінің ластануы және залалсыздандыру: Жер бетінен адам қолымен жасалған жасанды элементтерді кездестірмеу мүмкін емес.*

Адамның қазіргі кезде өзін қанағаттандыру үшін табиғаттан тек өзіне қажетті заттарды алады да, оны қалпына келтірмейді. Сондықтан, адам баласының табиғатқа деген көзқарасын өзгерту керек.

Тапсырма: Қазіргі әлемнің төменде көрсетілген талаптарына қандай аспектілер жататынын анықта? (слайд 3).

Мұғалімнің мәтіні: балалар, қанеки біз сіздермен бірігіп талдау жасайық: Егер Жер бетіндегі барлық адамзат қауымын жүз адамдық ауылдық мекендерге қысқартатын болсақ, онда пропорционалдық қатынастарды назарға ала отырып, осы ауылдық мекендегі халық саны қалай болар еді (слайд 4).

Оқушылар «жынысы, терісінің түсі» сызбасымен жұмыс жасайды (слайд 5).

Мұғалім «молшылық, жақсы тұрмыс» түсінігін ашып көрсетеді. Молшылық – адам баласының нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі. Молшылық:

- қажетті материалдық және рухани игіліктермен халықты қамтамасыз етуді сипаттайды;
- өндірістік қатынастар және өндіргіш күштердің даму деңгейіне тәуелді;
- халықтың өмір деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесінен тұрады.

6 слайдтағы «молшылық» суретімен оқушылардың жұмыс істеуі.

«Қолайлылық, білім, денсаулық» түсініктері туралы мұғалімнің баяндауы.

7 слайд бойынша денсаулық, білім, қолайлылық көрсеткіштерінің адам санына қатынасы туралы диаграммамен оқушылардың жұмыс істеуі.

Сенің мүмкіндіктерің (слайд 8):

• Егер сен бүгін денің сау болып оянсаң, онда сенен бақытты адам жоқ, себебі, жер бетінде 1 млн-ға жуық адам келесі аптаға дейін өмір сүре алмайды.

• Егер сен соғыс қаупін, жалғыздықты сезінбесең, қараңғы тас түрмеде болмасаң, аштық пен жоқшылық азабын шекпесең онда сен өзінді Жер бетінде осындай қауіп-қатерде өмір сүріп жатқан 500 млн адамға қарағанда, бақыттымын деп есепте.

• Егер сенің тамағың тоқ, киімің бүтін, тұратын үй-жайың болса, онда әлемде киерге киімі, ішерге тамағы, баспанасы жоқ адамдардың 75% -на қарағанда сен бақыттысың.

Әмиян – егер сенің банкте шотың, әмиянында ақшаң және ақша жинайтын қорабыңда қажетті шамалы тиын-тебенің болса, онда сен әлемдегі қамтамасыз етілген адамдардың 8% жатасың (слайд 9).

Қорытынды (слайд 10).

Егер сен осы мәтінді оқысаң, онда СЕН екі жақты сипат аласың, себебі, :

1) кімде-кім сен жайында ойлайды,

2) сен әлемдегі оқи алмайтын 2 миллиард адамдардың қатарына жатпайсың.

3. Білімді нығайту:

Оқушыларға сұрақтар:

1. Қазіргі қоғамның негізгі талаптарын атаңыз.

2. Сіз «молшылық» түсінігін қалай сипаттар едіңіз?

3. Сіздің қарныңыз тоқ, киіміңіз және тұратын баспанаңыз бар. Әлемдегі адамдардың қанша пайызы осыларға қол жеткізе алмаған?

4. Әлемдегі қанша адам саны оқи алмайды?

4. Үй тапсырмасы (слайд 11).

Сызба бойынша әрбір оқушыға қандай да бір оқиғаны ойдан құрастыруы және келесі сабақ барысында сынып алдында айтып беруі қажет.

2. ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ҮШ ҚАДАМЫ

Сабақ мақсаты: оқушыларды тұрақты даму тұжырымдамасымен таныстыру, адам және табиғаттың өзара байланысын үйлестіру идеясы туралы ақпараттарды талдау және жүйелеу, белсенді өмірлік тұғыр дағдысын қалыптастыру.

Көрнекі құралдар – проектор, қалқан (интеративтік тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сызба бойынша оқушылар бір оқиғаны ойдан құрастырып, сынып алдында айтып береді.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалімнің мәтіні: «Тұрақты даму» термині 1987 жылы қоршаған орта және даму жөніндегі БҰҰ Дүниежүзілік комиссиясы «Біздің ортақ болашағымыз» атты баяндама жарияланған кезден бастап кең тарала бастады. Тұрақты дамудың баяндамасында өз қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай келешек ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ тұрақты даму мәселесі алға қойылған.

Тұрақты даму – табиғи ресурстарды пайдалану кезіндегі экономикалық және әлеуметтік өзгерістер процесі, инвестициялар бағыты, технологиялық даму, жеке даму және бір-біріне сәйкес институционалдық өзгерген бағдар және адам қажеттіліктері мен сұраныстарын қана-

ғаттандыру үшін қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру. Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту туралы көптеген мәселе айтылуда.

Мұғалім 3 қадамға негізделген тұрақты дамудың үшжақты тұжырымдамасының маңыздылығын ашып көрсетеді, бұлар (слайд 2):

- әлеуметтік, әлеуметтік және мәдени жүйелердің тұрақтылығын сақтауға бағытталған және адамзатқа бейімделген;
- экономикалық, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану және үнемді табиғи-, энергиялық-, және материалүнемдеуші технологияларды пайдалану арқылы өсуді сипаттайтын;
- экологиялық, барлық биосфераның жаһандық тұрақтылығына тәуелді биологиялық және физикалық табиғи жүйелердің біртұтастығын қамтамасыз ететін.

Тұрақты дамудың үш қадамы көрсетілген суретпен оқушылардың жұмыс жасауы. Оқушылар ойланып өз сөздерімен жазуы керек, себебі әрқайсысының осы суретті түсінулері де өзгеше және әрбір аспектіге мысал келтіруі қажет (слайд 3).

Сұрақ (слайд 4): Сіздер қалай ойлайсыздар, тұрақты даму тек қана осы үш аспектіні ғана қарастырады ма немесе басқа да аспектілер бар ма мысалы, мәдени, ғылыми, саяси. тағы да қандай?

Оқушылар ауызша қойылған сұраққа жауап береді. (Дұрыс жауабы келесі аспектілер:мәдени, ғылыми, саяси, құқықтық-саяси, ұйымдас-тырушылық, географиялық, ақпараттық, ұлттық, халықаралық, жеке және т.б.)

Тапсырма (слайд 5): Мұғалім экологиялық, экономикалық және саяси аспектілер маңызды болып саналатынын ойланып жазуды ұсынады.

Оқушылар қойылған сұрақтар бойынша жұмыс дәптеріне жазбаша орындайды.

Мұғалімнің мәтіні: Бастапқыда айтқандай, тұрақты даму – қазіргі уақыт қажеттіктерін қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтардың өз қажеттіктерін қанағаттандыру қабілеттілігіне қауіп төндірмейтін даму болып табылады.

ДАМУ-Дені сау, қауіпсіз, еркін, қуатты қоғам құрудың жолдарын іздеу. ТҰРАҚТЫЛЫҚ-Планета мүмкіндігінен асып кетпеу және болашақ ұрпақ өмірінің гүлденуіне жағдай жасау (слайд 6).

7 слайттағы мәтінді оқыңыздар. Тұрақты даму экологиялық, экономикалық, әлеуметтік аспектілерінің балансын, сондай-ақ қоғамның түрлі салалары үшін артықшылықтары мен кемшіліктерін көздейді.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

- ✓ «Тұрақты даму» түсінігін қалай түсінесіздер?
- ✓ Тұрақты дамудың қандай маңызды аспектілерін атап бере аласыздар?
- ✓ Тұрақты дамудың экономикалық аспектілеріне нелер жатады?
- ✓ Тұрақты дамудың экологиялық аспектілеріне нелер жатады?
- ✓ Тұрақты дамудың әлеуметтік аспектілеріне нелер жатады?

5. Үй тапсырмасы (слайд 8)

Үйде оқушылар шешім қабылдау матрицасын пайдалана отырып, кез-келген мәселені қарастыруы керек. Дәстүрлі әдіске қарағанда «тұрақты даму» әдісінің артықшылығы неде? Сұрағын ойлану. Сыныпта талқылауға дайындалу.

(Мысалдың дұрыс жауаптары: Дәстүрлі экономика нарықтық жүйеде пайда мен адамның қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру және әл-ауқатын жақсарту туралы мәселені тұжырымдады. Дәстүрлі экономика, дәстүрлі табиғи ресурстардың таусылуына алып келді. Бұл тек қалтына келмейтін ресурстарға ғана емес, сондай-ақ, қалтына келетін экожүйелік ресурстарға тікелей байланысты, мысалы, биоалуандылық.

Тұрақты даму – бұл ұзақ мерзімді тұрақты даму. Табиғат адам өмірінің негізі болғандықтан, қолданыстағы экономикалық қатынастардың нәтижесінде оның азып-тозуы әлеуметтік қатынастарға, кедейшілік пен өндіріс және тұтыну құрылымындағы өсуіне теріс әсер етіп отыр. Қысқа мерзімді пайда мен жеке тұлғалардың тұтынуын қанағаттандыру, табиғи және әлеуметтік ресурстардың сарқылуына, адамның әл-ауқатының және биологиялық түрлердің азаюына алып келеді).

3. ХАЛЫҚТЫҢ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ

Сабақ мақсаты: Әлемдегі халық саны, халықтың өсу жылдамдығы, халықтың өсуімен байланысты мәселелер туралы оқушылардың білімдерін толықтыру. Әлем халқының және Маңғыстау облысы халқы санының өсу факторлары мен динамикасын зерттеу. Әлемнің жеке елдеріндегі демографиялық саясаттың маңыздылығын түсіндіру.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Оқушылардың көзқарастарын талқылау: Дәстүрлі әдіске қарағанда «тұрақты даму» әдісінің артықшылығы неде?

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (Слайд 1).

Мұғалімнің мәтіні: Халық — Жер бетінің барлық аумағында немесе қандай да бір бөлігінде тұратын ұдайы өндіріс барысында үздіксіз жаңарып отыратын адамдардың жиынтығы. (слайд 2).

Мұғалім материалдың мәселелік сипатта екендігін, халықтың орналасуының артуы болашақта үлкен мәселе туғызатындығын айтып өтеді (слайд 3,4).

Халық саны – адам санының белгілі бір жиынтығы (облыс, т.б ...). Туу, өлім, көші-қон көрсеткіштері белгілі бір уақытта өлшеніп отырады.

Халық саны – әлемнің кез келген еліндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға талдау бастапқы базалық көрсеткіш болып табылады.

Мұғалімнің мәтіні: 5 слайттағы материалды оқыңыздар.

Оқушылар слайттағы мәтінді оқиды: Жер бетінде халық санының артуы болашақта үлкен мәселелерді тудырады деген пікірмен көптеген адамдар келіспейді. Олардың пікірінше, қазіргі мәселелердің кеңінен орын алуы келесідей жәйіттерге байланысты:

✓ ресурстардың бөлінуінің әділетсіздігі. Дамыған елдерде бір адам айына дамымаған елдердегі кедейлерге жететін қажеттілікті тұтынады.

✓ тұтыну жүйесінде. Қоғамның дамуына орай, адамдардың тұтынатын тауарлары көбейіп келеді, яғни алғашқы қажеттіліктің заты болып табылмайтын заттарды өндіруге жұмсалғаннан бағалы ресурстар азаюда.

✓ ресурстарды пайдалану тәсілінде. Өнеркәсіп еңбек өнімділігін арттырғанымен, қоршаған ортаға келтіретін зияны да артып отыр, сонымен қатар, таусылуы мүмкін мұнай секілді энергия қорларын қажет етуде.

Тапсырма: Сіз осы қорытындылармен келісесіз бе? Оқушылар 2 топқа бөлініп өз пікірлерімен бөлісіп, сыныпта талқылайды (слайд 6).

Мұғалімнің қорытындысы:

Өсудің қазіргі қарқынын сақтау барысында жақын болашақта бұл көрсеткішке тағы да 1 миллиардқа жуық адам қосылады. Демографтар 21 ғасырдың 30-жылдарына дейін халық санының тұрақты болатындығына күмәнмен қарайды, себебі сол кезде халық саны 10-12 миллиард болады. Ол кезден бүгінде анықталып отырған барлық теріс үдерістердің үш еселенген шиеленісуін күтуге болады. Халық санының өсуімен қатар жүретін үдерістер өмірдің барлық саласын қамтиды. Негізгі факторларды және олардың салдарын қарастырайық:

Қалалардың артуы.
Ортаның ластануы.
Өмір сүру салтының өзгеруі.
Өмір сүру деңгейінің төмендеуі.
Халық құрылымының өзгерісі.
Тұтынудың артуы.
Ресурстық дағдарыс.

Мұғалімнің мәтіні: Балалар 7 слайдта Маңғыстау облысындағы тұрғындардың саны көрсетілген. Осы диаграмманы талдайық.

Тапсырма 7 слайд бойынша: Егерде біздің республикада 2006 жылы статистика жөніндегі Агенттің мәліметтері бойынша 15 219 291 адам болса, 2016 жылы 17 753 200 адамды құрайды. Соңғы екі жылдың 2006-2016 жылдардағы Маңғыстау облысының халқының санын анықтаңдар.

(Жауабы: 2006ж.-304 385 адам, 2016 ж. – 632 596 адам. Халық саны 2 есе көбейген).

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақтар:

- ✓ «Халық» түсінігінің мәнін ашыңыз
- ✓ Бүгінде әлемдегі халық саны қанша?
- ✓ 2050 жылға қарай жердегі күтілетін халық санының арту деңгейі қандай ?
- ✓ Халықтың орналасуының артуы болашақта маңызды мәселелер тудыруы мүмкін бе?

5. Үй тапсырмасы (слайд 8,9):

Әлемдегі халық санының салыстырмалы диаграммасын 4 слайд деректері бойынша құрастыр,

Есеп шығару: Маңғыстау облысының статистика департаментінің мәліметтері бойынша 2008 жылғы облыстағы тұрғындардың саны ≈407 мың адамды құрады. Жылына 888 сәби туылады. 1000 адамға шаққандағы қатысты туу қандай болатындығын есептеу керек.

4. БАЙЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕЙШІЛІК

Сабақ мақсаты: Мына сөздердің мәнін ашу – байлық, кедейшілік, өмір сапасы, әлеуметтік теңсіздік, кедейшілік межесі, күнкөріс шегі; әлемдегі кедейшілік мәселелерінің күрделілігі мен маңыздылығын түсіндіру, адамгершілік сипатта, әлеуметтік теңдік пен әділеттілікті, қиындықты, қайырымдылықты сезінуге тәрбиелеу; өмірлік мақсаттарды қалыптастыру.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері, әлемнің саяси картасы

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Алдыңғы сабақ тақырыбы бойынша сұрақтар.Есептің шешімін тексеру.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Өмір сапасы – бұл адамның материалдық және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру сапасы – тамақ, киім сапасы, тұрғын үй қолайлығының, білімінің, денсаулығының, қызмет көрсету саласының, қоршаған табиғи орта жағдайының және т.б. деңгейінің сапасы.

Әлемде 2,5 миллиард адам жоқшылық жағдайында өмір сүреді, олардың күніне тұтынатындары екі АҚШ долларына да жетпейді. Мұндай жоқшылық созылмалы аштықтың, тойымсыздықтың, қоршаған орта жағдайының төмендеуінің, сауаттылықтың төменгі дәрежесінің және басқа да әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелердің, сонымен қатар, қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы мәселелердің туындауына себепші болып отыр (слайд 2).

Мұғалімнің мәтіні: Келесі слайдтарда бай және кедей аудандар арасындағы шекараның суреттері көрсетілген (слайд 3 және 4).

Сұрақ (слайд 5): Жер бетіндегі халық үлесінің қандай бөлігі ресми түрде кедей деп танылған (күніне жан басына шаққанда жиынтық табыстан \$11 төмен)?

A.28%

B.58%

C.78%

Дұрыс жауабы -78%. 11 пайызы орташа табысты халыққа жатса, 11 пайызы бай адамдар қатарына жатқызылады.

Мұғалімнің мәтіні: Аштық адам қоғамының дамуына қашанда кедергі келтірген. Мысалы, XIX ғасырда Қытайда 100 млн адам, соңғы 50 жылда Үндістанда 20 млн адам өлген. Соңғы зерттеулердің нәтижесі бойынша әлемде 1,2 млрд адам аштық жағдайында өмір сүруде (слайд 6).

Тапсырма (слайд 7). Төменде келтірілген картаны пайдалана отырып, қандай елдерде аштық мәселесі өткір мәселеге айналып отырғанын болжамда. Ол сол елдің халық санымен қаншалықты байланысты екендігін ойланып жаз.

Оқушылау тапсырманы орындайды, өздерінің нәтижелерін талқылайды.

Мұғалімнің мәтіні: 8 слайдтағы жазылған жағдайды оқыңыздар.

Мұғалім оқушыларға жағдайды шешуді ұсынады (этикалық дилемма) (слайд 9).

Оқушылар мәселелерді шешудің өзіндік пікірлерін көрсетеді, өз шешімдерінің нәтижелерін талқылайды.

Сұрақ (слайд 10):

Үндістан халқының қандай үлесі күніне \$2 төмен ақшаға өмір сүреді?

A.20%

B.50%

C.80%

Дұрыс жауабы – 80%. Әлемде осындай жағдайда 2,8 млрд. адам отыр; Африканың Суб-Сахарский ауданында 300 млн. Жуық адам күніне 1 доллардан кем ақша жұмсайды.

Мұғалімнің мәтіні: 11 слайдта бүгілген судан қызы аштықтан өлуге айналған суреті көрсетілген. Жақын жерде жемтігін күткен жыртқыш құс тұр.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Сіз қалай ойлайсыз? Неліктен мемлекеттер бай және кедей болып бөлінеді?

2. Оған кінәлі кім?

3. Неліктен осы жағдайдан балалар зардап шегеді?

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақтар:

✓ «Өмір сапасы» термині нені анықтайды?

✓ Әлемдегі адамдар санының қандай бөлігі күніне екі АҚШ доллары көлеміндегі қауіпті жоқшылықта өмір сүреді?

✓ Жоқшылықтың адамдар үшін салдары қандай?

✓ Қандай елдерде аштық мәселесі өткір болуда?

5. Үй тапсырмасы (слайд 12):

Аштықтан өліп жатқан кедей елдердегі балаларға қалай көмек беруге болады деген тақырыпта эссе жазу.

5. СУ – БІЗДІҢ ПЛАНЕТАНЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫ

Сабақ мақсаты: Тұрақты даму үшін су ресурстарын қорғау бойынша іс шаралармен танысу негізінде су ресурстарымен ұқыпты қатынас жасауға тәрбиелеу; Қазақстан Республикасындағы суды тұтыну және су тапшылығы, су ресурстарының таусылу мәселелері туралы, адамзаттың өмір сүруі мен тірі ағзалар үшін судың маңызы туралы ақпараттарды талдау және жүйелендіру дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері, әлемнің саяси картасы

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Аштықтан өліп жатқан кедей елдердегі балаларға қалай көмек беруге болады деген тақырыптағы эссені тыңдау және талқылау.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалім 2 слайдта көрсетілген суреттегі мәліметтерді пайдалана отырып, тіршіліктің, қалыпты өмірдің және адамзаттың дамуы үшін негізгі ресурс болып саналатын су туралы және адамзаттың күрделенген мәселелерін; 3 слайд бойынша әлемдегі судың таралу құрылымын; 4 слайд бойынша планетадағы су ресурстарының таусылуы (ауыз судың тапшылығы, қанағаттанарлық санитарлық талаптарының болмауы және т.б.). туралы баяндайды.

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, басқа елдерде адамдар қандай суды пайдаланады? (слайд 5).

Мұғалім Қазақстанның су ресурстары жайында айтады (слайд 6).

Сұрақ: Қазақстан аумағына келіп түсетін су ресурстарын қалыптастыратын мемлекеттерді есіңе түсір?

Ары қарай мұғалім Қазақстандағы және Маңғыстау облысындағы суды тұтыну туралы статистикалық мәліметтерді 7,8-ші слайдтан көрсетеді.

Тапсырма (слайд 9): 9 слайд бойынша Қазақстандағы тұщы суды Қазақстандағы суды жоғары тұтынудың қандай себептері бар екендігі туралы пікірлерді жинақтап қорытынды жасау.

Тапсырма (слайд 10): Интернеттен тарншекаралық сулар туралы мәліметтерді тауып диаграмманы толықтырыңыз.

Жауабы: Өзбекстан - 14,6 км³ , ҚХР - 18,9 км³ , Қырғызстан - 3,0 км³ , РФ - 7,5 км³.

Сұрақ (слайд 11): Қытайға қарағанда Қазақстанның Ресей шекарасының ауқымдылығына қарамастан су ресурстарына деген тәуелділік неліктен төменгі деңгейде екенін түсіндір.

Мұғалім Қазақстандағы күрделі жағдайды түсіндіріп өтеді, себебі су ресурстарын басқарудың қолданыстағы жүйесі мемлекеттің тұрақты дамуына қатер тудырады. 12 слайдтағы кестені талдауға беріледі және егер де су ресурстарын қорғау бойынша жедел шараларды қолға алмасақ онда 2020 қандай жағдай орын алатынын түсіндіру керек.

Оқушылар кестемен жұмыс жасап түсіндіреді.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақтар:

✓ Неліктен су адамзат қоғамының дамуы және салауатты өмір, тіршілік ету үшін негізгі ресурс болып табылады?

✓ Дамушы елдердегі ауыз суды пайдалану мүмкіндігі жоқ адамдар саны қанша?

✓ Судың жетіспеушілігіне байланысты аурулармен және т.б. себептермен әлемде қанша адам қайтыс болады?

✓ Қалалық мекенде тұратын Қазақстанның бір тұрғынына судың қанша бөлігі келеді?

✓ Маңғыстау облысында жылына бір ауылдық тұрғынға шаққанда қанша су көлемі келеді? Бұл көппе немесе аз ба?

✓ Қандай мемлекеттердің шекаралас аумағынан Қазақстанға келетін сур ресурстарының бөлігі қанша?

✓ Қазақстан Республикасының сумен қамсыздандырылуы қандай?

✓ 2020 жылы біздер өз елімізде су ресурстарын қорғау шаралары бойынша жедел шараларды қабылдасاق не болуы мүмкін?

5. Үй тапсырмасы :

1. Сабақ тақырыбы бойынша материалды оқу

2. Жазбаша тапсырманы орындау (слайд 13): Бүгінде Қазақстан тұрғындарының қанша бөлігі су тапшылығын сезінуде? Мұны қалай түсіндіруге болады? Өз жауаптарыңызды мысалмен келтіріңіз.

6. ДЕНІ САУ БАЛА – САЛАУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ

Сабақ мақсаты: Қоршаған орта сапасынан және өмір салтынан адам денсаулығының тәуелділігін айқындау; қоршаған орта сапасын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту бойынша жағдайларды құру қажеттілігі түсінігін қалыптастыру, өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері, әлемнің саяси картасы

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өткізіліп отырған тақырыбы бойынша сауалдар жүргізіледі. Жазбаша үй тапсырмасы тексеріледі.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1).

Мұғалім адамдар үшін «денсаулық» және «молшылық» түсініктерінің өзектілігін түсіндіреді және олардың тәуелділігі екі жағдайға байланысты: қоршаған орта жағдайы және адамдарды қоршаған психологиялық көңіл күй. 2 слайдтың материалын пайдаланылады.

Денсаулық – өмірдің басты құндылығы, ол адам қажеттіліктерінің иерархиясында жоғары деңгейін алады. Денсаулық – адам бақытының ең маңызды компоненттерінің бірі және табысты әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі шарттарының бірі. Салауатты қоғамда ғана интеллектуалды, моральды, рухани, физикалық және репродуктивті дамуға болады.

Әл-ауқат – бұл мемлекеттің, отбасының, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың, класстың және тұтастай алғанда халықты өмірлік маңызды қажеттіліктерімен (рухани, материалдық, әлеуметтік) қамтамасыз ету болып табылады. Әл-ауқаттың негізгі элементі – дифференция және халықтың табыс деңгейі.

Тапсырма (слайд 3): Әрбір адамның жеке өмірінің басымдықтары қоршаған орта сапасына қаншалықты тәуелді болатынын талдап, дәптерге жаз.

Оқушылар талдау негізінде жұмыс дәптеріне қоршаған орта сапасына әрбір адамның жеке өмірінің басымдықтары қандай болатындығын жазу керек. Сыныпта талқылау жүргізіледі.

Мұғалім темекі шегуден болатын ісік ауруынан қайтыс болған адам саны бойынша есеп береді (слайд 4). Алынған сандар талқыланады, бұл үлкен сандар туралы талқыланады. Сондықтан әрбір адам өзінің ден-

саулығына ұқыпты қарау керек және зиянды әдеттерден әсіресе темекі шегуден аулақ болу керек.

Мұғалімнің қойған сұрақтары талқыланады (слайд 5): Сіз, сіздің достарыңыз және таныстарыңыз темекі шеге ме? Сіздің өміріңізге темекі қалай әсер етеді?

Мұғалім оқушыларға 6 слайдтағы Маңғыстау облысы тұрғындарының аурулары статистикасы бойынша кестедегі мәліметтерді талдауға және есептеуге береді: 2006 жылы Маңғыстау облысында қанша адам ауырды? 2005 жылы ауру бойынша «көшбасшы» болып табылатын қандай қала немесе аудан және қандай мүмкін себептері бар? Қандай ауданда аурулар төмен және мүмкін себептері қандай?

Оқушылар жазбаша есептеулерді жасайды сосын алынған нәтижелерді ауызша талқылайды.

Мұғалімнің мәтіні: Адам денсаулығын айқындайтын маңызды факторлардың бірі өмір салты (слайд 7). Аурулардың 50-55 % әсіресе созылмалы аурулардың басым бөлігі адамдардың тамақтануына, оқуына, тәрбиесі мен жұмыс істеуіне, демалуына байланысты. Денсаулықтың 20-25 % қоршаған орта жағдайы мен оның ластануына; 15-20 % генетикалық факторларға, 8-10 % – адамдардың денсаулық сақтау жүйесіндегі жағдайына байланысты.

7 слайдта көрсетілген диаграммаға оқушылардың назары аударылды. Мұғалім даграмманы талқылайды.

Мұғалім келесідей қорытынды жасайды:

➤ Қауіпті өмір салты, яғни адам өзінің мінез құлқымен, зиянды әдеттерімен өз денсаулығына қауіп төндіретін болса, сосын алынған шығынның орнын өтеу үшін көптеген күш, энергия және ақша құралдарын жұмсайтын болса, онда оның қоғамда орны болмайды.

➤ Салауатты өмір салты жақсы қоршаған ортада адамға физикалық, рухани және әлеуметтік игіліктерді қамтамасыз етеді. Қоғам денсаулығы оның азаматтарының денсаулығынан құрылады. Сондықтан қазіргі уақытта салауатты өмір салтын ұстану және табиғи ортаның сапасын арттыруға ұмтылу керек.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақтар:

✓ Адамның молшылығы мен денсаулығы қандай жағдайларға тәуелді?

✓ Ісік ауруларының қанша пайызы қоршаған орта факторларынан пайда болады?

✓ Аурулардың әсіресе созылмалы аурулардың қанша пайызы адамдардың тамағына, тіршілігіне, оқуына, тәрбиесіне, жұмысына және демалысына тәуелді?

✓ Қоршаған орта жағдайына және оның ластануына денсаулықтың қанша пайызы келеді?

5. Үй тапсырмасы (слайд 8):

Өз отбасыңызда, тұрғын пунктте немесе еліміздегі және шетелдегі ұзақ өмір сүретіндер жайында хабарлама дайындаңыз. Осы адамдардың ұзақ өмір сүруінің «рецепті» қандай? Олардың өмірлік салты қандай рөл атқарады? Қоршаған орта факторларының рөлі қандай?

7. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

Сабақ мақсаты: Өтілген материалдар бойынша алынған білімді, дағдыны нығайту және машықтану; экономиканы, экологияны және адам қажеттілігін білетін қоғамның көшбасшысы ретінде өзінді көрсете білу; экономикалық, ресурстық, әлеуметтік сипаттағы қиыншылықтарды жеңу.

Көрнекі құралдар – қағаз, қалам, фломастер, географиялық карта (атлас)

Сабақ барысы. Іскерлік ойын:

Мекені жоқ арал – әлемнің тұрақтылық үлгісі (Слайд 1)

Мұғалімнің мәтіні (слайд 2): Балалар, енді бәріміз бірге іскерлік ойынын ойнайық. Бұл жай іскерлік ойын ғана емес, мұнда сен экономиканы, экологияны, және адамдардың қажеттілігін білетін қоғам көшбасшысы ретінде болуың керек.

Ойынға сыныптағы барлық балалардың қатысуына болады. Сыныптағы балаларды 6-7-ден командаларға бөлуге болады. Екі партаны бір-біріне қоссаңдар, сендердің аумақтарың немесе аралдарың пайда болады. Мұғалім сыныпты 6-7 адамнан құралған командаға бөледі.

Мұғалім жетекші рөлінде болады және ойын шартын түсіндіреді: әрбір команда корабльдің бұзылуынан зардап шеккен және «мекені жоқ аралда» қалған адамдар тобымен таныстырады.

Слайд 3.

Мақсаты:

- тұрақты даму мәселелерін шешу тетігін көрсету;
- тұрақты әлемнің құрылуы;
- әрбір қатысушы берілген тапсырмаға өзінің қосқан үлесін ұғыну.

Әрбір топқа тапсырма

- сол аралда қалай ұзақ өмір сүруге болады

Жетекші: Ойын басталды (слайд 4).

Әр команда өздері кемелерімен апатқа ұшырап зиян шеккен және «елсіз аралда» қалған адамдар ретінде елестетеді. Аралда аралық қатынастар болмау керек. Әр команда өз бетінше жұмыс жасауы керек.

Әрбір команда арал координатымен анықталады және координат бойынша өздерінің табиғи ресурстарын анықтайды.

Командалар тапсырманы орындайды.

Жетекші командаларға келесі сұраққа жауап беруді тапсырады (слайд 5):

- ✓ Сіз нені және қаншалықты өндіресіз?
- ✓ Сіз қалай өндіресіз?
- ✓ Кім тұтынушы?

Командалар тапсырманы орындайды.

Жетекші тапсырма береді (слайд 6): 2-3 аралдың негізгі заңдарын әзірлеңіз.

Командалар тапсырманы орындайды.

Жетекші командаларға «мекені жоқ арал» жобасын рәсімдеуге рұқсат береді және презентацияны сынып алдында жариялауға береді (слайд 7).

Презентацияны дайындауға арналған мүмкін сұрақтар: Қандай қиыншылықтар кездесті? Неліктен? Оларды сіз қалай жеңдіңіз? Сіздің команда қандай табысқа қол жеткізді? Ресурстардың жетіспеушілігі мәселелері сіздерде кездесті ме? және т.б.

Командалар тапсырманы орындайды. Жобаны презентация арқылы көрсету және талқылау (слайд 8).

Мұғалімдермен оқушылардың қорытындысы (слайд 9). Тұрақты даму тек экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға көмектеседі.

8. УРБАНДАЛУ – БҮКІЛӘЛӘМДІК ҮДЕРІС

Сабақ мақсаты: Әлемдік үдеріс ретінде урбандалу туралы білімдерді жинақтау және нығайту; урбандалудың жалпы белгілерін анықтау, қаланың негізгі критерийлері соның ішінде Қазақстандағы көзқарастарды алу; қоршаған орта жағдайына урбандалу әсерінің салдарын қарастыру; қоршаған ортаға урбандалған аумақтардың әсерін төмендету қажеттілігін тұлғалық түсінуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интерактивті такта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері, әлемнің саяси картасы

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалім орнығу сипаты бойынша әлем халықтарының бөлінуі туралы ақпараттарды түсіндіреді және 2-ші слайдтағы суретке назар аудартады, «урбандалу» терминіне жалпылама сипаттама береді (слайд 3).

Сұрақ: Ойланыңыздар және сіздер «қала» деген сөзді қалай түсінесіздер?

(Мүмкін жауаптар: Қала – ірі елді мекен, қала халқының тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда уақыттары тығыз болып келеді. Қалада экономикасы бірішама дамыған қызмет көрсету, тұрғын үймен қамдау, сәулет және инженериялық кешендер бар. Қала – бірішама тұрғындары өнеркәсіптік қызмет көрсету орындарында (завод, фабрика және т.б.), сондай-ақ ғылыми, мәдени, басқару мекемелерінде жұмыс жасайтды)

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды, сосын алынған қорытындыларды талқылайды.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 4): Урбанизация – бұл қалалардың және қала халқының санының өсуі. Қалалар және қалашықтар әлемдік экономикасы өзгеріп тұратын орталығында орналасқан – оның себебі жаһандық экономиканың өсуі. Әлемде қалалар өсуде, себебі адамдар өз балаларының жарқын болашағы үшін ауылдық жерлерден қалаға көшуде.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 5): Урбанизацияға тән сипаттамалар: ауыл халқының қалаға ағылуы, ауылдық жердегі және шағын қалалардағы халықтың басым бөлігінің әртүрлі себептермен ірі қалаға қарай қозғалыстарының жеделдетілуі (жұмыс бабы бойынша, мәдени-тұрмыстық қажеттіліктері бойынша және т.б.).

Қала анықтамасы әр елде түрліше сипатталады. Мысалы, Швеция, Дания, Финляндияда қала деп 200 тұрғыны бар қоныстанған жерді атаса, Канадада, Австралияда 1 мыңнан астам, Жапонияда 30 мыңнан астам тұрғыны бар мекенді қала деп атайды.

Сұрақтар (слайд 6):

1. Қазақстанда қоныстанған тұрғын саны қанша болғанда аумақты қала деп атайды?

2. Халық санынан басқа қандай көрсеткіштер ескеріледі?

Жауабы:

1) республикалық маңызы бар қалалар	арнайы республикалық маңызы бар қалалар немесе бір миллионнан астам халқы бар елді-мекен жатады;
2) облыстық маңызы бар қалалар	оған халық саны 50 мың адамнан астам өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы дамыған ірі экономикалық және мәдени орталықтар жатады;
3) аудандық маңызы бар қалалар	оған халық саны 10 мыңнан аспайтын , аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй, білім беру, мәдениет, медициналық және сауда объектілері бар, жұмысшылар мен қызметкерлердің отбасыларының саны үштен екі бөлігін құрайтын елді-мекен жатады..

Тапсырма (слайд 7):

Урбанизация қарқыны бойынша 4 диаграмма берілген. Осы диаграммалар бойынша өз көзқарасыңды, пікіріңді ойланып, талқыла

Оқушылар өздерінің көзқарастарын білдіреді, негізгі қорытынды мынадай: қала халқының тұрақты өсуі 1900 жылдары 14%-дан 2020 жылдары 63%-ға дейін.

Тапсырма (слайд 8):

Төменде келтірілген сипаттамалардың қайсысы урбанизацияның табиғатқа ықпалын сипаттайды.

Оқушылар нәтижелерді жұмыс дәптерлеріне жазады, сосын өз жауаптарын ауызша келтіреді.

Тапсырма (слайд 9):

Слайдта көрсетілген диаграммаға талдау жасаңыздар.

Мына көрсетілген диаграммада Маңғыстау облысының ауылдық және қалалық тұрғындары көрсетілген. Осы диаграмманы талқылап, негізгі қорытындыларды жаса.

Оқушылар өздерінің талдауын жұмыс дәптерлеріне жазады, сосын басқалармен бірігіп талқылайды.

3. Нығайту

Оқушыларға сұрақтар:

- ✓ «Урбандалу» түсінігі нені білдіреді?
- ✓ Қазақстандағы халық саны бойынша қандай елдімекен қала деп есептеледі?
- ✓ 2020 жылға қарай жер шарындағы халық саны қандай болмақ?
- ✓ Қоршаған табиғи ортаға урбандалудың әсерінің салдары қандай?

4. Үй тапсырмасы (слайд 10):

Ғаламтор жүйесін пайдалана отырып, Маңғыстау облысының ауыл және қала тұрғын санының соңғы 3 жылдық көрсеткішін тауып, диаграммаға сал

9. БҮГІНДЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕП БОЛАШАҚТЫҢ ТАБИҒАТЫН САҚТАЙМЫЗ

Сабақ мақсаты: Оқушыларды электрлік энергияны үнемдеудің мәні және негізгі тәсілдерімен таныстыру; энергияны тиімді пайдалануға тәрбиелеу, оқушылардың бойында энергияны үнемдейтін мінез құлықты қалыптастыру, мектеп оқушыларын энергия және ресурс үнемдеу жөніндегі пайдалы қызметтерге тарту; қалыпты жайлылықтан бас тартпай-ақ энергияны үнемдеу, энергияны ұтымды тұтыну машықтарының тұрақты қалыптасуын дамыту.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың берілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізіледі. Жазбаша үй тапсырмасы тексеріледі.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1).

Мұғалімнің 2-ші слайдтағы материал негізінде адам өмірі мен іс-әрекетіндегі энергияның маңызы туралы әңгімелеуі.

Тапсырма: келесі сұраққа ойланып жауап беріңіздер: Энергия өміріміздің тағы да қандай тұстарын жеңілдетеді алады?

Оқушылар қойылған міндеттерді орындай отырып, осы сұрақ бойынша өздерінің көзқарастарын ауызша білдіреді.

Мұғалім қоршаған ортаға отын-энергетикалық ресурстарды пайдалану салдары туралы әңгімелеп береді: 3-ші слайдтағы материал негізінде табиғи ресурстардың таусылуы, қоршаған ортаның ластануы. Оқушыларға мына сұрақтар беріледі: Сіз қалай ойлайсыз, осы теріс салдарды қалай төмендетуге болады?

Оқушылар ауызша өздерінің ой-пікірлерін білдіреді.

Мұғалімнің мәтіні: Қоршаған ортаны ластауды төмендетудің қарапайым тәсілі энергияны сақтау, басқаша сөзбен айтқанда, энер-

гияны ойланып жұмсау. Бір сөзбен бұл «ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ» деп аталады

Энергияны барлық адамзат баласы және әрбір жеке адам үнемдеуі керек.

Энергияның қайта қалпына келмейтін көздерін пайдалануды төмендете отырып, біздер атмосфераға тасталынатын зиянды заттарды да қысқартамыз (слайд 4).

Мұғалім «энергияны үнемдеу» түсінігінің маңызын ашып көрсетеді, сосын оқушыларға 5-9-шы слайдтағы энергияны үнемдеу бойынша кеңестерді қарау қажеттігін ескертеді. Оқушылар бір кеңес бойынша дайындалып, оқылған кеңес бойынша пікір береді.

Тапсырма (слайд 10): Энергияны үнемдеу жөнінде сіз тағы да қандай қосымша кеңестер бере аласыз?

Оқушылар өздерінің энергияны үнемдеу жолдарын ұсынады, талқылау жүргізеді.

Талқылауға арналған сұрақтар (слайд 11):

Мұғалім оқушыларға егер де энергия көздері таусылған болса онда қандай жағдай орын алады деп сұрайды.

Оқушылар өз көзқарастарын айтады.

Мұғалім сұрақ қояды: энергия алатын табиғи ресурстарды қалай сақтауға болады?

Оқушылар өздерінің ойларымен бөліседі.

Мұғалім дәстүрлі және баламалы энергия көздері туралы әңгімелейді (слайд 12).

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

✓ Энергия көмегімен пайдалы жұмысты жасауға қабілетті қандай механикалық құралды білесіз?

✓ «Энергия ала отырып, біз қоршаған ортаны ластаймыз» деген көзқарасты қалай түсіндіресіз?

✓ «Энергияны үнемдеу» терминін қалай түсінесіз?

✓ Энергия алатын табиғи ресурстарды қалай сақтауға болады?

5. Үй тапсырмасы (слайд 13):

Сіз қандай баламалы энергия көздерін біздің ауданда қолдануға болатыны жайында білесіз? Үйде ойланып, жазып кел

10. КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ЖЫЛЫНУ

Сабақ мақсаты: Жердің климаттық жағдайының өзгеруіне ықпал ететін себептерді қарастыру, оның болашақтағы жағдайын болжамдау, планетадағы жаһандық жылыну себептерін түсіндіру, климаттық жағдайдың өзгеруіндегі адамдардың рөлін анықтау; адам баласының жаһандық жылыну мәселелерін шешу үшін жауапкершілікті сезіну және қажетті білім көлемін иелену, сонымен қатар, қоршаған орта мәселелерімен, планетаның дамуының маңызды ағымдарына қызығушылығын оятуға тәрбиелеуге ықпал ету.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті такта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өтілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізу. Жазбаша үй тапсырмасы тексеріледі.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалімге климаттың жаһандық жылыну салдары туралы әңгімелеуі: мұздықтардың еруі, қалалардың топан су басуы, қолайсыз табиғи құбылыстардың, атап айтқанда су тасқыны, тайфундардың, торнадонның қиратқыш қуаттылығының күшеюі және санының артуы (слайд 2).

Мұғалім сыныпқа қарап: тағы да сіздер нені қосар едіңіздер? деп сұрайды.

Оқушылар жаһандық жылыну салдары туралы өзіндік пікірлерін айтады.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 3): Мұғалім климаттың өзгеруі және ғаламдық жылыну туралы анықтаманы оқиды.

Климаттың өзгеруі — табиғи ортаға антропогендік әсердің (негізінен оның ластануы) артуынан климаттық көрсеткіштердің (ауа температурасы, оның қозғалысының заңдылықтары және т.б.) ұзақ уақыт (10 жылдан артық) өзгеруі.

Ғаламдық жылыну — XX және XXI ғасырлардағы Жер атмосферасы мен Дүниежүзілік мұхиттың орташа-жылдық температурасының біртіндеп өсу процесі.

Мұғалім климаттың өзгеруі біздің планетаның бейнесін өзгертеді деп айта отырып, оқушыларға осы өзгерістердің себептері жайында ойланып дәптерлеріңізге жазыңыздар деп тапсырма береді.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды, сосын орындалған тапсырманы ауызша талқылайды.

Мұғалім мұздықтардың еруі, мұхиттағы су деңгейінің көтерілуі, мұхиттар мен теңіздердегі су деңгейінің одан әрі көтерілуі туралы ғалымдардың болжамдарын және олардың адамзат баласы үшін салдары туралы әңгімелеп береді (слайд 4).

Тапсырма (слайд 5): Суреттер берілген, сол суреттерге қарай отырып климаттың өзгеруі Жердегі өмір мен адамға қалай ықпал ететінін ойлан. Негізгі қорытындыларды дәптерге жаз.

Мұғалім 6 слайд бойынша парникті жылу, парникті газдар туралы әңгімелейді, және 7 слайтқа оқушылардың назарын аударуын сұрайды.

Сұрақ (слайд 8):

7 слайдтағы суретті қарап, сұраққа жауап бер, атмосферадағы парникті газдардың құрамын қандай антропогендік әсерлер күшейтуі мүмкін?

Оқушылар тапсырманы жұмыс дәптеріне жазбаша орындайды, сосын мысал келтіре отырып ауызша баяндайды.

Талқылауға арналған сұрақтар: Атмосфераға тасталынған парникті газдар біздің республикамызға ғана зиян әкеледі деген тұжырыммен келісесіздер ме? Өз жауаптарыңызды негіздеңіздер.

Оқушылар сұрақ бойынша өз көзқарастарын білдіреді.

Эксперимент (слайд 9):

Парниктік эффекттің моделін жасап көріңіз

- Құрал-жабдықтар: Сізге қақпағы бар екі банка қажет, және осы банкаға сиятын екі кішкентай термометр қажет.
- Жұмыстың барысы:

Бірінші банкаға қара түтіккен картонның кесегін салыңыз, ол банканың жартысын ғана жауып тұрады. Осы банкадағы термометр көлеңкеленген жағында болуы тиіс.

Басқа банкаға алюминий фольгасын дәл бірінші банкаға салғындай салаыңыз.

Банкаларды күн түскен жерге бір-біріне қаратып қойындар. Оларды жылу сақтайтын бір материалға қойыңыз, мысалы кітап.

Термометр банканың көлеңкеленген жағында екеніне көз жеткізңіз.

- Нәтиже: Көп ұзамай сіз қара картонды банкадағы температура жоғарылағанын көресіз.
- *Не болып жатқаның түсіндіріп көріңіз.*

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

✓ Климаттың жаһандық жылынуының қандай салдарын айтып бере аласыз?

✓ Алдыңғы 60 жылда жағалаудан 150 метр қашықтықтағы өзгеріс туралы ғалымдардың болжамдары қандай?

✓ Жүзжылдықтың соңына қарай мұздықтардың еруінен теңіз суының көтерілуі туралы ғалымдардың болжамдары қандай?

✓ Парникті эффект механизмін түсіндіріңіз.

✓ Қандай парникті газдарды білесіз?

5. Үй тапсырмасы :

10 слайдта шарты берілген есепті шешу.

11. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

Сабақ мақсаты: Өтілген материал бойынша алынған білімді дағдыны нығайту және машықтану; қоршаған ортаның тазалығына және әлемдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруына әкеліп соқтыратын ынтымақтастық пен тұрақтылық принциптеріне негізделген дамудың жаңа әдістерінің қажеттілігі туралы нақты қорытындыларды жасау.

Көрнекі құралдар – қағаз, қалам, фломастерлер, әлемнің саяси картасы

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өтілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізу Жазбаша үй тапсырмасы тексеріледі.

«Біздің қаланың болашағы» жобасы (слайд 2)

Мұғалім оқушыларға «Біздің қаламыздың болашағы» тақырыбында жоба әзірлеуге береді. Сынып бірнеше топтарға бөлінеді, әрбір топ өз қаласын көрсетеді. Әрбір топқа тапсырма беріледі: өздерінің көзқарастары бойынша өз қаласында пайдалануға тиімді деп ойлайтын энергия көздерінің түрін таңдау және сол қаланы болашақта энергиямен қамтамасыз ету жөніндегі презентацияны әзірлеу. Топтар өз жобалары бойынша презентация әзірлейді және басқа топ алдында сөйлейді.

Презентациялар көрсетіліп болғаннан кейін сыныптағылар оқушылар тұратын өңірге сай келетін жобаны таңдайды.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 3):

Экологтар қоғам дамуының екі мүмкін сценарийін болжамдайды.

1) «Өмірдің аяқталуы»: халық санының жылдам қарқынмен өсуі, артық өндірумен байланысты экономиканың тоқтап қалуы, қызығушылықтың жойылуы және тиімсіз басқару қоршаған орта жағдайының төмендеуіне алып келеді.

2) «Тұрақты болашақты жасау»: тұрақтылық пен ынтымақтастық қағидаларына негізделген дамудың жаңа тәсілдері қоршаған ортаның тазалығы мен әлемдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға алып келеді.

Сұрақ (слайд 4): Сен қалай ойлайсың, қандай сценарий жүзеге асырылады?

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды, сосын сыныпта ауызша талқылайды.

Мұғалім оқушыларға 5 слайдтағы сұрақтарға ойланып жауап беруін түсіндіреді, қажет жағдайда қосымша материалдарды пайдаланады.

1. Еуропалық мемлекеттің қайсысында жел қондырғылары арқылы жылына жел энергиясының 20% өндіріледі: Германия әлде Дания ма? *(Жауабы: Дания)*

2. Маңғыстау облысында энергия алуға болатын жел қондырғылары бар ма? *(Жауабы: ЖЭС Форт-Шевченко қаласында салынған, Түпқарғай ауданының күндізjel паркінде 19 желқондырғысын және 19 мың күн модульдерін орналастыруды жоспарлап отыр.*

3. Қандай мемлекет орман ауданы жөнінен әлемде алғашқы орынды алады? *(Жауабы: Ресей)*

4. Орман ауданы бойынша біздің республика қаншасыншы орында?

5. Егер мұхит деңгейі жарты метр биіктікке көтерілетін болса, онда қай мемлекет зардап шегеді – Швейцария немесе Нидерланды? *(Жауабы: Нидерланды)*

6. Метан – парникті газға жата ма әлде? *(Жауабы: иә)*

7. Арктикада климаттың өзгеруінен қайсы аң көп зардап шегеді – ақ аю немесе пингвин? *(Жауабы: ақ аюлар, өйткені Пингвиндер Антарктидада өмір сүреді)*

8. Маңғыстау облысында қандай электрстанция жұмыс жасайды? *(Жауабы: ЖЭС)*

9. 1997 жылы қандай компания гибридті двигателі бар экологиялық таза көліктерді алғашқы рет көп өндіре бастады – Volvo немесе Toyota? *(Жауабы: Toyota)*

10. Біздің республиканың оңтүстік-батыс аймақтарындағы негізгі климаттық мәселелерге не жатады – су жетіспеушілігі немесе артық ылғалдылық? *(Жауабы: су тапшылығы)*

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды, сосын ауызша талқылайды.

Мұғалім қорытынды жасайды.

4. Үй тапсырмасы (слайд 6)

Ғаламтор жүйесін пайдалана отырып, Маңғыстау облысының ауыл және қала тұрғын санының соңғы 3 жылдық көрсеткішін тап. Осы мәліметтер бойынша, диаграмма жасап, оны талда (қай аудандарда қала халқы басым, қай аудандарда төменгі дәрежеде)?

12. АУАСЫЗ ТІРШІЛІК ЖОҚ

Сабақ мақсаты: Қоршаған ортаның компоненті ретінде атмосфералық ауаны қарастыру, табиғи экожүйе жағдайына және адам денсаулығына ластанудың әсерін, Жердегі климаттық жағдайдың өзгеруіне әсер ететін себептер, атмосфералық ауа сапасының өзгеруіндегі адамның рөлін қарастыру, тіршіліктің маңызды көзі ретінде атмосфералық ауаны ластамауға және экологиялық сауаттылық мәселелері туралы белсенді азаматтық көзқараста тәрбиелеуге ықпал ету

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өтілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізу

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалімнің қоршаған ортаның маңызды компоненті ретінде атмосфералық ауа туралы баяндайды (слайд 2).

Мұғалім 3 және 4 слайдтағы материал негізінде атмосфераның қарқынды ластануының көтерілуі туралы баяндайды.

Тапсырма (слайд 5):

«Ауаны негізгі ластаушылар және оның табиғат пен адамға ықпалы» кестесін толтыр. Қосымша материалдарды пайдаланып, келтірілген мысалдарға да сүйен.

Мұғалім сұрақ қояды: «атмосфераның төменгі қабатындағы құрғақ ауа құрамына нелер кіреді»? (слайд 6).

Жауабы: (анимация бойынша қалыпқа келтіру)

✓ Азот 78%

✓ Оттегі 21%

✓ Көміртегі және т.б. 1%

Оқушылар өздерінің жауабын жұмыс дәптерлеріне жазады.

Мұғалімнің мәтіні: Атмосфералық ауа ластанған, табиғаттағы антропогенді жүктеме жоғары және т.б. деп күнделікті өмірде айтып келеміз (слайд 7)

✓ Атмосфералық ауадағы зиянды заттарды қысқарту үшін сен қандай тәсілдерді ұсына аласың?

✓ Атмосфераны сауықтыру үшін сен қандай үлес қоса аласың?

Сыныптағы ауызша пікірталас.

Тапсырма (слайд 8):

Автокөлік 100, 300 және 500 км жүрген жағдайда атмосфераға құбыры арқылы қанша ілеспелі газды шығарады? Ілеспелі газдың шығарындылары орташа есеппен 30г/км құрайды.

Оқушылар есепті шешеді, өз шешімдерін келтіреді.

Жауабы:

Есепті орындау мысалы:

20 км жол жүрген автомобильді қарастырып көрейік:

$$m = S \cdot R_{co}$$

мұндағы:

m – автомобильдің түтін шығаратын трубаларынан шыққан ілеспелі газдың массасы, г;

S – автомобиль жүрген жол, км;

R_{co} – километр жүрген жолдағы атмосфераға тасталынған ілеспелі газдың орташа массасы, г/км.

Шешуі:

$$m = S \cdot R_{co} = 20 \text{ км} \cdot 30 \frac{\text{г}}{\text{км}} = 600 \text{ г}$$

Жауабы: 20 км жол жүрген автомобиль түтін шығаратын трубалары арқылы ауаға 600 г ілеспелі газды шығарады.

Мұғалімі атмосфераға зиянды шығарындылар мөлшерін азайту жөніндегі іс-шаралар мысалдар келтіреді.

Оқушылар осы іс-шараларды дәптерлеріне жазады.

Мұғалім оқушыларға өз бетінше атмосфералық ауаға зиянды шығарындыларды қысқарту үшін әдістер тізімін жалғастыруды ұсынады, және олардың әрқайсысы атмосфераны сауықтыруға қандай үлес қосатынын ойланулары керек (Оқу құралының 31 б).

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

✓ Неліктен атмосфералық ауа қоршаған ортаның маңызды компоненті болып табылады?

✓ «Өнеркәсіптің жеделдетілген дамуы атмосфераның ластану қарқынының артуына әкеледі» деген тұжырымды түсіндіру.

✓ Атмосфералық ауаның ластануының қандай көздері сіздерге белгілі?

✓ Автокөліктен шыққан ілеспелі газдардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға ықпал етуінің салдары қандай?

✓ Құрамында 90% ауасы бар атмосфераның төменгі қабаты қалай аталады?

✓ Атмосфераның төменгі қабатындағы құрғақ ауа құрамына нелер кіреді?

5. Үй тапсырмасы (слайд 9):

Атмосфералық ауаны қорғау және сақтау іс-шаралары туралы ойла-нып жазыңыздар.

13. КАСПИЙ ТЕҢІЗІН ҚОРҒАУ

Сабақ мақсаты: Оқушылардың бойында Каспий теңізінің экологиялық мәселелерінің пайда болу себептері мен маңызы туралы көзқарастарын қалыптастыру; мұнаймен ластану деңгейін төмендету және биоалуандылықты сақтау үшін мемлекетаралық келісім деңгейінде жүргізілетін қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды қарастыру; Каспий теңізінің бірегей биологиялық ресурстарын ұтымды сақтауға тәрбиелеу және өз өңірі мен елінің қоршаған ортасын сақтауға деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті такта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өтілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізу. Жазбаша үй тапсырмасы тексеріледі. Оқушылар су ресурстарын қорғау және сақтау туралы іс-шараларды талқылайды.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1).

Сұрақ (слайд 2):

Каспий теңізінің басты байлығы не деп ойлайсың?

Жауап (анимация шығады): Оқушылар сыныпта ауызша түрде талқылайды.

Каспий теңізінің биолауандылығының дағдарысы, жергілікті халықтың игілігі үшін шаруашылық-бағалы түр популяция санының төмендеу салдары, өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, Каспий итбалығы санының төмендеуі (3 және 4 слайдтар) туралы мұғалімнің баяндауы.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 5): CISS зерттеуі бойынша 20 ғасырдың басында Каспий итбалықтардың саны бір миллионнан асты, бірақ бүгін оның саны шамамен 100 000 дейін қысқарды. Сондай – ақ 2010 жылы дүниеге келген күшіктер саны шамамен 7000 құрайды.

Мұғалім оқушыларға сұрақ қояды: Каспий итбалығының санын қалпына келтіруге қандай іс-шаралар көмектесетінін ойланыңыз.

Сұрақ (слайд 6): Каспий итбалығының санын қайта қалпына келтіруге қандай шаралар көмектесе алатынын ойлан?

Оқушылар өз пікірлерін білдіреді, талқылау жүргізеді, ұсынылған іс-шаралар дәптерге жазылады.

Мұғалім «Каспий өңірінің қоршаған ортасын қорғау бағдарламасы» (КӨҚОҚБ) (слайд 7) қабылданған Каспийдің жағалаулық желілері бар өзара шектесіп жатқан бес мемлекет туралы әңгімелеп береді.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 8): Бұл бағдарламаның мақсаты – аймақ тұрғындары үшін оңтайлы және ұзақ уақыт бойына пайда алуы мақсатында Каспий аймағының табиғи ресурстарын басқару және экологиялық тұрақты дамуға қол жеткізу.

Мұғалім оқушыларға 9 слайдтағы кестеге назар аудартады онда ҚР ҚОҚ бағдарламасында анықталған ірі мәселелер көрсетілген.

Оқушылар кестемен жұмыс жасайды.

Тапсырма (слайд 10): Осы мәселелерді шешу үшін сіз нені ұсынар едіңіз ойланып жазыңыз.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды.

Мұғалім 11 слайдтағы суретке оқушылардың назарын аудартады.

Мұғалімнің мәтіні: Фотосуретті қараңдар және келесі сұраққа жауап беріңдер:

- ✓ Сіздіңше құстарға не болған?
- ✓ Олардың тірі қалу мүмкіндігі бар ма?
- ✓ Адамзат баласы жануарларға қалай көмек бере алады?

Оқушылар сұрақтарға жауап береді, талқылайды.

Мұғалім 12 слайд бойынша табиғи нысандар бейнеленген аэрофото-кескіндерге назар аудартады:

Сұрақ: Осының ішінде қайсысы Каспий теңізі екендігін анықтаңыздар?

Оқушылар өздерінің ой-пікірлерін айтады.

Дұрыс жауап: Сурет 1. Егер шешім оқушылар арасында күмән тудырған жағдайда географиялық картаны немесе атласты пайдалануға болады.

Мұғалім қорытынды жасайды.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

✓ Неліктен Каспий теңізінің биологиялық алуандылығына қауіп төнуде?

✓ Каспийдегі шаруашылық-бағалы түр популяция санының төмендеуінің әлеуметтік-экономикалық салдары қандай?

✓ Үш жылдың ішінде каспий итбалықтарының саны қалай төмендеді?

✓ Каспий теңізінің жағалауында қандай мемлекеттер орналасқан?

✓ «Каспий өңірінің қоршаған ортасын қорғау бағдарламасының» мақсаты қандай?

✓ Каспий өңірінің қоршаған ортасын қорғау Бағдарламасында белгіленген негізгі мәселелерді атаңыз.

5. Үй тапсырмасы:

1. Сабақ тақырыбы бойынша материалды оқу
2. 13 слайдта келтірілген майлы дақ ауданын есептеу бойынша есептерді шығару.

14. ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫ

Сабақ мақсаты: Өндіріс және тұтыну қалдықтарының түрін қарастыру; қалдықтармен жұмыс жасау жөніндегі түсінікті қалыптастыру; адам өмірі мен қоршаған ортаға қоқыстың әсерін көрсету; қалдықтарды кәдеге жарату мәселелері және оларды шешудің мүмкін жолдарын анықтау; қоршаған ортаға қалдықтарды орналастыру салдарын талдауға дағдылануды дамыту; қалдық санын азайту жолдарын іздеу, өз айналанды қоқыстан тазартуға арналған сенің жеке мүмкіндіктерің.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интерактивті такта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өтілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізу Жазбаша үй тапсырмасы тексеріледі

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалімнің мәтіні (слайд 2): Әрбір үйде ескі газет, консервден босаған ыдыстардан бастап, шөлмектер, тағам қалдықтары, орама қағаздар, тозған киімдер, жұмыс істеуден шыққан және жөнделмейтін тұрмыстық техникаға дейін қажетсіз бұйымдар мен материалдар болады.

- Мұның барлығы қоршаған ортаға тасталынып, табиғаттағы зат айналымы секілді – негізгі экологиялық заңдылықты бұзады.

- Бірқатар қалдықтардың құрамында улы заттар, бояғыштар, мұнай өнімдері, жәндіктерді жоятын улы заттар, тағы да басқа қоршаған ортаға зиянды қосылыстар бар.

Мұғалім қалдықтарды орналастыру туралы, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы және заттар айналымы, қауіпті заттардың қалдықтарда жиналуы туралы баяндайды (слайд 3).

Мұғалім мына сөзді аяқтауды ұсынады (слайд 4): Өндіріс және тұтыну үдерісінде түзілетін шикізат, материал, басқа бұйымдар мен өнімдердің өзінің бастапқы қасиетін жоюы аталады...».

Жауабы: «қалдықтар».

Тапсырма (слайд 5): «Қалдықтардың өмірлік циклі» суретін қарап, сурет бойынша әңгіме құрастыр және дәптеріне жазыңыздар.

Оқушылар жазбаша жұмыстарды орындайды, сосын сыныпта құрастырылған әңгіме туралы талқыланады.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 6): Балалар, сендерге келесі ақпаратты ұсынғым келеді:

- ✓ Экомаркалау – бұйымға, орамаға немесе қосымша ақпаратқа жазылатын, жапсырылатын мәтін, арнайы графикалық символдар.

- ✓ Экомаркалау қоршаған орта мен тұтынушы үшін қолдану қауіпсіздігінің нормаларына тауардың немесе өнімнің сәйкестігін көрсетеді. Тауар немесе бұйымның сәйкестігін арнайы мемлекеттік құрылымдар немесе экологиялық ұйымдар жүзеге асыруы мүмкін.

Тапсырма: 7 слайдта халықаралық экомаркалаудың белгілері көрсетілген, осы символдардың сипаты жазылған негізгі сөздерді тауып бос торларды толтырыңдар.

Оқушылар тапсырманы орындайды.

Мұғалім қалдықтарды жинау және екінші ресурс ретінде кәдеге жарату қалдық мәселесін шешуге мүмкіндік беретінін атап өтеді (слайд 8).

Тапсырма (слайд 9): Есепті шығарып, макулатураны жинау табиғи ресурстарды қалай үнемдеуге мүмкіндік беретінін біліңіздер, қандай жағдайда сіздің мектебіңіз жылына қанша тонна макулатураны жинайды?

Мұғалім мысал көмегімен келесі сұрақтарды қояды: Мектеп оқушылары қанша ағашты сақтап қалды? Осы макулатурадан қанша оқушы дәптерін жасауға болады? Осы жағдайда қанша электр энергиясы мен су үнемделген?

Оқушылар есепті шығарады.

Есептің шарты 10 слайдта көрсетілген.

Сұрақты талқылау (слайд 11): экологтар металлолом мен макулатура – бұл маңызды табиғатты қорғау іс-шарасы деп айтады, ал сіз қалай ойлайсыз бұл нәліктен?

Оқушылар тапсырманы орындап ауызша талқылайды.

«Мектеп жаны ауласындағы компостау» жобасы (слайд 12).

Мұғалімнің мәтіні (слайд 13): Ең алдымен қысқаша анықтама бере кетейік. Бүгінде биоыдыратылатын қалдықтарды залалсыздандырудың бәріне белгілі қолайлы әрі тиімді екі тәсілі бар. Оқушылар екі қолайлы табысты және қол жетімді ақпараттарды: компастау және биогаз жөніндегі ақпараттарды оқиды. Ол 14-17 слайдта көрсетілген.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 18): «Мектеп аумағындағы компост» атты өзіміздің жобамызды бастайық. Барлық мектептерде күзде және көктемде сенбілік ұйымдастырылады. Жиналған қалдықтың басым бөлігін жапырақтар мен қағаз қалдықтары құрайды.

Мұғалім оқушыларға «Мектеп жаны ауласындағы компостау» тақырыбындағы жобаны бастауға шақырады. 19 слайдтағы материалдарды пайдалана отырып жоба ерекшеліктері түсіндіріледі.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

✓ Бідің күнделікті өмірімізде қандай қалдық түрлері түзіледі?

✓ Қалдықтарда қандай улы заттар кездесуі мүмкін?

✓ Қалдықтармен қоршаған ортаның ластануының салдары қандай болмақ?

✓ Экоаңбаллау не үшін керек?

✓ «Екінші ресурс ретінде қалдықтарды жинау және кәдеге жарату қалдық мәселелерін шешеді» көзқарасының маңызын түсіндіру.

✓ Екінші ресурстардың қандай түрлерін білесіз?

5. Үй тапсырмасы:

Сабақ тақырыбы материалын оқу

15. БИОАЛУАНДЫЛЫҚ

Сабақ мақсаты: «Биологиялық алуандылық» түсінігімен танысу, биологиялық алуандылықтың төмендеу салдарын анықтау, адам іс-әрекетінің экожүйедегі биологиялық алуандылыққа әсерін талқылау, адамның әрекетінен биологиялық алуандылық қалай төмендегенін талқылау, биоалуандылыққа әсер ететін әртүрлі факторлардың рөлі туралы ойды қалыптастыруға машықтандыру; адам – биоалуандылықтың жойылу мәселесін тереңнен түсінетін және шешетін тірі табиғаттағы бірегей түр.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өтілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізу

3. Жаңа тақырыпты меңгеру

Биоалуандылық – адамдар үшін өмірік маңызы бар ресурс көзі екендігін 2-ші слайдтағы материалды пайдалана отырып түсіндіруі.

Сұрақ (слайд 3): «Биоалуандылық» сөзін сіз қалай түсінесіз?

Оқушылар өз жауаптарын айтады.

(Жауабы: Биологиялық алуантүрлілік (биоалуандылық) – бұл Жер бетіндегі тірі аззалардың әртүрлілігі – гендерден бастап экожүйелерге дейін. Негізінде оған түрлердің алуандылығы жатады. Оған біздің планетада өмір сүретін жануарлардың миллиондаған түрлері, өсімдіктер, микроаззалар жатады.)

Мұғалімнің «биоалуандылыққа» қауіп төніп тұрғаны туралы баяндайды (слайд 4).

Сыныпқа арналған сұрақ (слайд 5): Сіздер қалай ойлайсыздар бұған кім кінәлі? Өз пікірлеріңізді жазыңыздар.

Оқушылар жұмыс дәптеріне жазбаша орындайды сосын ауызша талқылайды.

Тапсырма (слайд 6): Ойланыңыздар неліктен адамзат баласы биоалуандылыққа теріс ықпал етеді? Дәптерге негізгі қорытындыларды жазыңыздар.

Оқушылар жазбаша орындайды, ауызша талқылайды.

Мұғалімнің қорытындысы: адам баласының іс-әрекеті биоалуандылықты қысқарта немесе жоя отырып үлкен көлемде теріс ықпал етеді.

Сұрақ (слайд 7): Олай болса, біздер даму үдерістерін, тұтынуды, сауданы және т.б. толыққанды жоюымыз керек пе?

(Анимация қойылған) Әрине, ЖОҚ.

Сұрақ: Біздің планетадағы биоалуандылықты сақтау үшін біз не істей аламыз?

Оқушылар өз ойларын айтып талқылайды.

Мұғалім Каспий теңізінің биоалуандылығы және оның азаюы туралы әңгімелейді (8 слайдтағы материал пайдаланылады), басты назарды каспий итбалықтарының санының қысқару мәселесіне аударады, каспий итбалықтарының санының өзгерісін сипаттайтын оқушылардың 9 слайдтағы диаграмманы жан-жақты назар аударып пікірін жасау ұсынылады.

Оқушылар диаграммаға пікір білдіре отырып келесідей қорытынды жасайды, яғни 2005 жылы итбалықтардың туылуы 20000 төмендесе, 2007 жылы 5000-ға, ал үлкен особтар саны 50000-нан 25000-ға азайған.

Мұғалім оқушыларға Каспий теңізінің биоалуандылығын сақтаудағы күрделенген жағдайды қалай өзгертуге болатындығын ойланыңыздар дейді. Негізгі қорытындылар дәптерге түсіріледі.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды, талқылайды.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

- ✓ «Биоалуандылық» сөзін қалай түсінуге болады?
- ✓ «Әлемде биоалуандылық азайып бара жатыр» деген көзқарасты түсіндіріңіз.
- ✓ Неліктен адамзат баласы биоалуандылыққа кері әсер етеді?
- ✓ «Биоалуандылық экосжүйенің қалыптасуымен тығыз байланысты» байланымына пікір беріңіз.
- ✓ Каспий теңізіндегі саны азайған түрлерге және популяцияларға мысалдар келтіріңіздер.
- ✓ Біздің планетаның биоалуандылығын сақтау үшін адамзат баласы не істеу қажет?

5. Үй тапсырмасы (10-11 слайдтар):

1. Сабақ тақырыбы бойынша материалды оқу
2. 11 слайдтағы Маңғыстау облысының картасы бойынша сіздің өңірде қорғалатын аумақтың бар екендігін анықтаңыз, олар қайда орналасқан, олардың қорғауында қандай өсімдіктер мен жануарлар бар. Бұл мәліметтерді өңір картасына ендіріңіз. Шартты белгілеулер мен қосымша ақпараттарды төменге жазыңыз.

16. МЕНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ІЗІМ

Сабақ мақсаты: Оқушыларға адамзат баласының қоршаған ортаға қалай әсер ететінін, көптеген ресурстарды қалай тұтынатынын және шындығында өмірде оларға қанша ресурс қажет екендігін көрсету керек; «экологиялық із» түсінігін құрастыру және әрбір оқушы жеке өз алдына қанша ресурс тұтынатындығын түсіну; күнделікті өмірде ресурстарды шектен тыс тұтынуды қысқарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу; өзінің «экологиялық ізін» төмендету үшін табиғи ресурстарға ұқыпты қарау дағдысын қалыптастыруды көрсету.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың тапсырылған тақырыбы бойынша сауалнама жүргізіледі, географиялық картаға орындалған тапсырмалар тексеріледі.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалімнің мәтіні (слайд 2): Планетадағы әрбір адамның өмір сапасын жақсарту тұрақты дамудың маңызды міндеттері болып табылады. Сапалы өмірді қамтамасыз ету үшін, көптеген табиғи ресурстар пайдаланылады, осының нәтижесінде қоршаған ортада «экологиялық іздер» қалыптасады.

3 слайдтағы материалды пайдалан отырып мұғалімнің «экологиялық із» туралы түсіндіруі.

Экологиялық із – қоршаған ортаға антропогендік әсер ету шарасы, біздің тұрақты дамуға бағытталған қадамымызды өлшеуге, бұл қадамдарымыз қаншалықты жемісті болғанын қадағалауға бірегей мүмкіншілік береді. Бұл шара бізге қажет заттарды өндіру үшін табиғи ресурстарды азық-түлік, энергия т.б. тұтынуды көрсетеді.

Тапсырма (слайд 4): Кез-келген адам баласының іс-әрекеті біздің планетаға экологиялық ізді қалдырады. Қандай экологиялық ізді іс-әрекеттің қандай түрі қалдыратынын көрсетіңіз.

Мысалы, біздің экологиялық ізімізге біздің қандай үйде тұратындығымыз, қандай транспортты пайдаланатындығымыз қандай тамақ тұтынатындығымыз ықпал етеді.

Оқушылар дәптерлеріне өздерінің ойларын жаза отырып, ауызша талқылайды.

Мұғалім жабайы табиғаттың бүкіләлемдік қоры (WWF) мәліметтерімен таныстырады: 5 слайдтағы материалдарды пайдалана отырып, 2005 жылы көлемі бойынша экологиялық із қандай болды және қандай мемлекеттер үлкен экологиялық іздерін қалдырды.

Мұғалімнің мәтіні (слайд 6): Табиғатта «ізді көп қалдырған» кім?

Экологиялық ізді көп қалдырғандар қатарына АҚШ және әлемдегі жаңа көшбасшы Қытай жатады. АҚШ тұрғындары орташа есеппен жан басына 9,4 га-ды, ал Қытай халқы 2,1 га-ды пайдаланады.

Батыс халқы табиғат ресурстарын тұрақты түрде пайдалана бермейді. «Экологиялық із» американдықтарда еуропалықтарға қарағанда 2 есе жоғары, Азия мен Африка халқынан 7 есе жоғары асып түседі.

Тапсырма (слайд 7): Интернеттен Еуропа, Азия және Африка елдеріндегі халық саны туралы мәліметтерді, сонымен қатар энергияны, суды, мұнайды немесе қандайда бір ресурсты тұтыну туралы мәліметтерді Интернеттен іздеу, диаграмма құрастыру: Бірінші диаграмма: көлденеңнен – халық саны; тігінен – мемлекет. Екінші диаграмма: көлденеңнен – халық саны, тігінен мемлекет (8 слайд). Диаграмманы салыстырып негізгі қорытындыларды дәптерге жазу керек.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды.

Мұғалім оқушыларға 9-10 слайд бойынша сұрақтарды пайдалана отырып өздерінің экологиялық іздерін есептеуге береді.

Оқушылар сұрақтарға жауап береді, нәтижелерді есептейді, нәтижелер бойынша 11 слайдтағы қорытындыны қарайды.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ :

- ✓ «Экологиялық із» түсінігіне анықтама беріңіз.
- ✓ Қандай мемлекет ең көп «экологиялық ізді» қалдырды?
- ✓ Адам іс-әрекетінің қандай түрі ең көп «экологиялық ізді» қалдырды?
- ✓ Біз пайдаланатын транспорт қандай «экологиялық ізді» қалдырады?
- ✓ Біздің тұрғын үйміз қаншалықты «экологиялық ізді» қалдырады?
- ✓ Дүкеннен өнім сатып алғаннан «экологиялық ізді» төмендету үшін сіз не істер едіңіз?

5. Үй тапсырмасы (12 слайд):

1. Сабақ тақырыбы бойынша материалды оқу
2. Ойланыңыз, сіз «экологиялық ізді» төмендету үшін не істер едіңіз және өз ұсынысыңызды дәптерге жазыңыз.

17. АДАМ РЕСУРСТАРЫ НЕМЕСЕ ЖҰМЫСШЫ КҮШІ

Сабақ мақсаты: елдердегі адами ресурстар, жұмысшы күші, жұмысбастылық және жұмыссыздық, ел географиясындағы және Маңғыстау облысындағы уақыт бойынша олардың өзгерісі туралы ақпараттарды талдау арқылы экономикалық сананы дамыту, салыстыру және талдау дағдылары мен саналарын дамыту, статистикалық мәліметтермен жұмыс.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өткізілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізіледі, жазбаша үй тапсырмасы тексеріледі.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалім оқушыларға табиғи ресурстар түсінігін еске түсіріндер дейді.

Сұрақ (слайд 2): Сіздер табиғи ресурстар не екенін білесіздер. Анықтамасын жазыңыздар.

Оқушылар тапсырманы жазбаша жұмыс дәптеріне орындайды.

Олардың жауаптары әртүрлі болуы мүмкін:

✓ *табиғи ресурстар – бұл шаруашылықта пайдаланылатын және адамзат қоғамының тіршілігі үшін қажетті табиғаттың ресурстары; табиғи ресурстар – адамның қызығушылығы үшін қызмет ететін табиғат игіліктері;*

✓ *табиғи ресурстар – экономикалық даму деңгейінде адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын табиғи ортаның компоненттері мен үдерістері.*

Барлық жауаптар қабылданады.

Мұғалім табиғи ресурстар түсінігін жинақтайды және 3 слайдтағы материалдарды пайдалана отырып адам ресурстары түсінігін ашып көрсетеді.

Сұрақ (слайд 4): жұмысшы күші бойынша қандай мысалдар келтіре аласыздар?

Мысалы, наубайшының білімі мен шеберлігі, ары қарай тізімді жалғастырыңыздар.

Тапсырма (слайд 5): «жұмысшы күшіне» қарама қарсы сөзді жазыңыздар.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды.

Олардың жауаптары әртүрлі болуы мүмкін: жұмыс беруші, арам-тамақ, жұмыссыз және т.б. Ауызша талқылау жүреді.

Мұғалімнің мәтіні: : Жұмыспен қамту туралы айтылғанда, ең алдымен жұмыс істей алатын, яғни еңбекке қабілетті халықты меңзейді. Біздің елімізде бұл санатқа 16 жастан асқан және зейнет жасына жетпегендер жатады (әйелдер – 58 жасқа дейін, ер адамдар –63 жасқа дейін).

Ескерту: 2018 жылға дейін ер адамдар үшін зейнеткерлік жас 63 жастан басталады, ал әйелдер үшін 58 жас. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 11-бабына сәйкес 2018 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасы 2027 жылға дейін жарты жыл сайын 63 жасқа жеткенше көтерілетін болады.

Сұрақ (слайд 6): Статистикада халықтың жұмысбастылығы мен жұмыссыздық деңгейінің қалай бағаланатындығын сен білесің бе?

Мұғалім «жұмысбастылық деңгейі» және «халықтың жұмыссыздық деңгейі» түсініктерінің маңызын ашып көрсетеді, мұнда 7 слайдтағы материал пайдаланылады

Тапсырма (слайд 8). Есепті шағар.

Маңғыстау облысының статистика департаментінің мәліметі бойынша 2007 жылы облыста 16484 адам жұмыссыз болды, 177773 адам жұмыспен қамтылған болатын.

Анықта: жұмыс күші санын, жұмыссыздық және жұмысбастылық деңгейін.

Осы жылдың қыркүйек айында жұмысы бар 177773 адамның ішінде 1272 адам жұмыстан босатылды. Осы жерде жұмысбастылық санын анықта.

Оқушылар тапсырманы орындайды.

Тест (слайд 9): 2025 жылға қарай дамушы елдерде жұмыс жасайтын халықтың саны 33%-ға – 4 миллионға дейін артады деп күтілуде. Ал дамыған елдерде жұмысшылар саны:

❖ 250 млн-ға төмендейді (35%)

❖ 50 млн-ға төмендейді (7%)

❖ 150 млн-ға артады (21%)

Жауабы: 50 млн-ға төмендейді. Дамыған елдерде адамдардың қартаюы байқалады. Жұмыс күшінің артуы немесе қысқаруынан болады: «кедей» елдердегі жұмыссыздар саны және «бай» елдердегі жұмысшы күшінің жетіспеушілігі; жоғары еңбек миграциясы, елдер арасында жұқпалы аурулардың таралуы және басқа да мәселелер.

Оқушылар тапсырманы орындап, ауызша талқылайды.

Мұғалім тапсырма береді. Ойланып дәптерге осы мәселені қалай шешуге болатынын жазыңыздар. Мысалы, өндірісті дамушы елдерге ауыстыру керек. Тізімді жалғастырыңыздар.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

- ✓ «Адами ресурстар» түсінігінің мәнін ашу
- ✓ Халықтардың жұмысбастылығы мен жұмыссыздық деңгейін статистика қалай бағалайды?
- ✓ Халықтың жұмысбастылығы мен жұмыссыздық деңгейі қалай анықталады?
- ✓ Дамыған елдердегі еңбек ресурстарының жетіспеушілігі және «халықтың қартаюы» мәселелерін қалай шешуге болады?
- ✓ Дамушы елдердегі жоғары еңбек миграциясы, кедейшілік мәселелерін қалай шешуге болады?

5. Үй тапсырмасы (слайд 10):

Қолжетімді әдебиеттерден жұмысбастылық түрлерін және нысандарын анықта.

18. БАЛА ЕҢБЕГІ – ҚАТАҢ ЖАЗА

Сабақ мақсаты: Барлық әлемдегі бала еңбегінің мәселелерін талдау, балалық шақтан шектелген, баланың дамуына кедергі келтіретін бала еңбегінің зиянды салдарын ашып көрсету, және барлық өміріндегі физикалық және психологиялық зақымданулар, елдің жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуы және адами ресурстардың дамуының бала еңбегіне кері әсерін талдау; балаларды пайдаланудан қорғау мәселелерін шешу дағдыларын дамыту.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті такта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өткізілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізіледі

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалімнің бала еңбегі, оны пайдалану, өміріне, денсаулығына

және психологиялық көңіл күйіне зиянды әсері туралы баяндауы. Мұнда 2 слайдтағы материал пайдаланылады.

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, суреке назар аударыңыздар. Әлемде қандай салаларда бала еңбегі қолданылады.

3 слайдтағы мәтінді оқып, қауіпті аймақта балалар еңбегіне ұшыраған балалардың саны қанша екенін анықта.

Сұрақ: Ойланыңыз, неліктен көптеген елдерде балаларды пайдаланады?

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды. Нәтижелер ауызша талқыланады.

Мұғалім оқушыларға «Өрмекші» ойын-жаттығуды жүргізеді (ойын шарты – слайд 4).

Ойынның қорытындысы 5 слайдта көрсетіледі. Оқушылар сыныпта талқылайды.

Мұғалім «Сіз білесіз бе, егерде...» мәліметтерін талдауға береді, мұнда 6 слайд бетіндегі материал пайдаланылады.

Сұрақ: балаларды пайдаланудан қалай қорғауға болады?

Мысалы, қатаң заңды ендіру қажет, тізімді жалғастырыңыз.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды да, ауызша талқылайды.

Мұғалім 12 жастағы Фархадтың тарихын әңгімелеп береді (материал 7 слайдта).

Талқылауға арналған сұрақтар (слайд 8):

- ✓ Сіздер осы жағдайды қалай сипаттар едіңіз?
 - ✓ Қандай шешу жолдарын сіздер ұсына аласыздар?
- Оқушылар өз пікірлерімен бөлісіп талқылайды.

Мұғалімнің мәтіні: Бала еңбегі мәселелерінің пайда болуының негізгі себептері әрине, кедейшілік. Бала еңбегі көбіне қоғамның әлсіз топтарында – білімге, денсаулық сақтауға қол жеткізе алмайтын және табыстары өте төмен немесе ешқандай табысы жоқ ауылдық және қалалық кедей жанұяларда кездеседі. Көптеген балалар өз отбасыларынан жырақта өмір сүреді немесе қолайсыз жанұялары бар: бұлар жетімдер, бір ғана ата-анасы бар немесе жанұя басшысы бала болып саналатын толық емес жанұя. Осы жағдайда, бала еңбегі басқа да әлеуметтік мәселелердің жалғасы және жағдайды қиындатушы факторлардың бірі.

4.Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

- ✓ Бала ағзасының дамуы үшін еңбектің зияндылығы мен қауіптілігі?
- ✓ Неліктен көптеген елдерде балалар пайдаланылады?
- ✓ Қай елдерде көбіне балалар пайдаланылады?

✓ Балаларды пайдаланудан қалай қорғауға болады?

5. Үй тапсырмасы (слайд 9):

Сіз қалай ойлайсыз, балаларды жұмысқа пайдаланудан қалай қорғауға, сақтауға болады?

19. БІЛІМ

Сабақ мақсаты: Оқушылардың білімді жүйе ретіндегі ұстанымдарын қалыптастыру, қазіргі әлемдегі білімнің өсіп отырған мәнін ашу; тұлғаның қалыптасуындағы білім және ғылымның шешуші мәнін сезіну.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өткізілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізіледі

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Мұғалімнің мәтіні: Ежелгі грек драматургі Эсхил былай айтқан «Ақылды деп көп білетінді емес, қажеттіні білетін адамды айтады» (слайд 2).

Мұғалім «білім» түсінігін ашып көрсетеді, яғни 3 слайд бойынша материал пайдаланылады.

Сұрақ (слайд 4): Ойланыңыз, неліктен бізге білім керек? *Мысалы, жұмысқа орналасу үшін. Тізімді жалғастырыңыз...*

Оқушылар сұрақтарға жауап береді, талқылау жүргізіледі.

Мұғалімнің мәтіні: Балалар мен сіздерге келесі ақпаратты ұсынғым келеді. 5 слайдқа назар аударыңыздар.

Мұғалім оқушылардың біреуіне слайдтағы мәтінді оқуды ұсынады. Оқушылар оқыған ақпаратты талқылайды.

Мұғалімнің қорытындысы: Мұғалім олардың 2/3 әйелдер құрайтынын атап өтеді: Азияда, Таяу Шығыста, Қара Африканың көптеген елдерінде әйелдер мен қыз балалар білім алу құқығын жүзеге асырып, оны өздерінің өмірінде табысты қолдану жолында көптеген кедергілерге жолығады, атап айтқанда, жоқтық, географиялық оқшаулық, төмендігі, мүгедектік, ерте некеге тұру, жүктілік, гендерлік белгілері бойынша күштеу, сонымен қатар әйелдің рөлі мен статусы туралы дәстүрлі ұстанымдар.

Сұрақтар (слайд 6):

1. Білімнің қандай деңгейін сен білесің?
2. Білім деңгейіне қосымша білім алу кіреді ме?
3. Бакалавр деген не?
4. Біздің республикада білімнің қандай деңгейі міндетті деп саналады?

5. Сен алып жатқан білім, білімнің қай деңгейіне жатады?

Оқушылар сұрақтарға жауап береді, ауызша талқылау жүргізіледі.

Мұғалім 7 және 8 слайдта ұсынылған әлемдік нарық деңгейіндегі жағдайды бағалауды ұсынады.

Осы жағдай сай келетін мемлекеттерді мысалға келтіріңдер.

Оқушылар тапсырманы орындайды, талқылау жүргізіледі.

Мұғалім оқушыларға тапсырма береді:

1. Біздің республикадағы білім беру жағдайын сипаттаңыздар?

2. Біздің еліміздің бәсекеге қабілеттілігіне білім саласы қалай әсер етеді?

3. Білім саласындағы Қазақстанның бастамасы қандай?

Оқушылар тапсырманы жұмыс дәптерлеріне жазбаша орындайды.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ:

1. «Білім» түсінігіне анықтама беріңіздер.

2. Білім бізге не үшін керек?

3. 1970 жылдан бастап үлкендер арасындағы сауаттылық үлесі қанша пайызға артты?

4. Қазіргі кезде әлемдік сауатсыз халық саны қанша?

5. Біздің елдегі білім беру деңгейін атаңыз.

6. Біздің республикадағы міндетті білім беру деңгейі қандай?

7. Біздің елдің бәсекеге қабілеттілігіне білім саласындағы жағдай ықпал етеді ме?

5. Үй тапсырмасы (слайд 9):

Қолжетімді әдебиеттерден сауатты мемлекеттердің тізімін тауып, біздің мемлекетіміз нешінші орында екенін анықта.

20. ДЕМОКРАТИЯ

Сабақ мақсаты: Демократияның белгілері мен құндылықтарымен таныстыру, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін көрсету; демократиялық құндылықтар мен бағыттарға деген оқушылардың қарым-қатынасын қалыптастыру, демократия, оның белгілері, құндылық-

тары, формалары туралы оқушылардың білімдерін тереңдету; оқушыларда белсенді азаматтық тұғырды қалыптастыруға негіздеу.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интерактивті такта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өткізілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізіледі

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

Кіріспе сұрақ (слайд 2): «Қазақстан Республикасында демократиялық мемлекеттік барлық белгілері бар» деген сөзді қалай түсінесіздер?

Оқушылар өздерінің ойларын айта отырып, талқылайды.

Жауабы: Мемлекетте халықтың егемендігін сөзсіз жоғарғы және жалғыз билік өкілі ретінде қарастырады. Азаматтар өз тағдырын өзі шешуге құқығы бар. Еркін сайлау және халықтың еркін болуы. Халықтың заң жүйесінде мемлекеттік билікті басқаруы, әрбір тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының болуы: өмір сүру құқығы, еркіндік, әділдік, тәуелсіздігі, өз мүддесін қорғау және сақтау құқығы бар. Адамның жеке бас бостандығы мен абыройы, берілген шарттарға сәкес өмір сүру, өз елінде және өз жерінде өмір сүруге мүмкіндігінің болуы, отбасы құру және балаларына тәрбие беру құқығы бар. Сонымен қатар, басқа да көптеген құқықтары мен бостандықтары – саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани, азаматтық және т.б сияқты түрлері кездеседі.

Мұғалім айтылғандарды жинақтап, «демократия» терминінің маңызын ашып көрсетеді, мұнда 3 слайдтағы материал пайдаланылады.

Сұрақ (слайд 4): Демократия қандай түсініктермен бірлеседі? Мысалы, таңдау, еркіндік, тізімді жалғастырыңдар.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды да ауызша талқылайды.

Тапсырма (слайд 5): Мұғалім тест тапсырмаларын береді. 1981 жылы «еркін» деп аталатын әлемдегі халықтың үлесі 36%. 2001 жылы бұл сан:

- 1) 31%-ға төмендеді
- 2) Осы деңгейде қалды
- 3) 41%-ға артты

Дұрыс жауабы: в) 41%-ға артты

Мұғалім адамдардың 23% саяси құқық пен азаматтық еркіндігі бар, ал 36% ешқандай құқықтары жоқ екендігін атап өтеді. Азаматтық және

саяси құқықтар – адамның әлемде танылған құқық түрлерінің бірі. Олар мемлекетті қорғауды қамтамасыз етеді (мысалы, әділеттілік, сөз еркіндігі құқықтары) және мемлекет нақты заңды және саяси мүмкіндіктерді талап ете алады (мысалы, дауыс құқығы). Бұл құқықтар адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында және азаматтық, саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде жазылған.

Тапсырма (слайд 6): Анықтаңыздар, қайсысы демократияның принципіне, қайсысы құндылығына жатады:

теңдік, компромисс, әділетті сот, толеранттылық, жоғары заңдылық, азаматтық, ашық сайлау еркіндігі.

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды, ауызша талқылайды.

Мұғалім 7,8 және 9 слайдтағы материалдарды пайдалана отырып, нарықтық құндылықтармен демократияның байланысы туралы материалды түсіндіреді.

Сұрақ (слайд 10): Демократия түсінігіне қандай аспектілерді қосар едіңіз? Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

- Негізгі ұлттардың тілі мен мәдениетінің қолданысын таңдаудағы еркіндік;

- Бір басқарушы партияның билікті монополияландыруы;
- Жемқорлыққа қарсы ашық және тиімді күрес;
- Бұқаралық ақпарат құралдары үшін цензураның болуы;
- Митингтер мен жиналыстардың еркін өтуі;
- Азаматтардың конституциялық құқығын іске асыру;
- Билік органның саяси оппозицияны мойындауы;
- Кепілдіктер жүйесінің инвестициялары.

4. Нығайту

Оқушыларға сұрақ :

- ✓ Демократия деген не?
- ✓ Демократиялық мемлекеттің қандай белгілері бар?
- ✓ Қазақстан Республикасы демократиялық мемлекет болып саналады ма?
- ✓ Демократия қандай түсініктермен байланысады?
- ✓ Демократия нарықтық құндылықтармен байланысы?

5. Үй тапсырмасы (слайд 11):

1. Сабақ тақырыбы бойынша материалды оқу
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы жайлы баяндама жазыңыз.

21. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

Сабақ мақсаты: Өтілген материал бойынша алынған білімді, дағдыны нығайту; экологиялық мәселелерді шешу үшін жауапкершілікті сезіну және қажетті білімге бай адам ретінде көрсету; оқушыларды қоршаған орта мәселелерімен, өз өңірінің және планетаның дамуының маңызды ағымдарына қызығушылық танытатын азамат ретінде тәрбиелеу, белсенді азаматтық тұғырды қалыптастыруға әсер ету.

Көрнекі құралдар – проректор, қалқан (интеративті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптері

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық кезең

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Сабақтың өткізілген тақырыбы бойынша сауалнама жүргізіледі, жазбаша үй тапсырмасы тексеріледі.

3. Жаңа тақырыпты меңгеру (слайд 1)

